

Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін тұрақты дамытудың 2006-2010 жылдарға арналған тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі 2006-2008 жылдарға арналған бірінші кезектегі шаралар бағдарламасын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 6 наурыздағы N 149 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 13 шілдедегі N 1060 Қаулысымен

Ескерту. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2009.07.13. N 1060 Қаулысымен.

Ескерту. Мәтіндегі "РМК" және "ЕМК" деген аббревиатуралар "ЖШС" деген аббревиатурамен ауыстырылды - ҚР Үкіметінің 2007.10.05. N 908 Қаулысымен.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 22 маусымдағы шешімімен мақұлданған Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін тұрақты дамытудың 2006-2010 жылдарға арналған тұжырымдамасын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін тұрақты дамытудың 2006-2010 жылдарға арналған тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі 2006-2008 жылдарға арналған бірінші кезектегі шаралар бағдарламасы (бұдан әрі - Бағдарлама) бекітілсін.

2. 2006-2008 жылдарға арналған бірінші кезектегі шаралар бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарында (бұдан әрі - Іс-шаралар жоспары) көзделген шығыстардың сомасы 2006 және одан кейінгі жылдарға арналған республикалық бюджетті қалыптастыру кезінде нақтылауға және түзетуге жатады деп белгіленсін.

3. Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері Бағдарлама бекітілгеннен кейін бір ай мерзімде мүдделі мемлекеттік органдармен келісе отырып, өңірлік бағдарламалар мен оларға іс-шаралар жоспарларын әзірлесін.

4. Бағдарламаны іске асыруға жауапты мемлекеттік органдар мен мүдделі ұйымдар (келісім бойынша) :

1) Бағдарламаны іске асыру жөнінде шаралар қабылдасын;
2) Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігіне жарты жылдықтың қорытындылары бойынша жылына екі рет, 10-қаңтарға және 10-шілдеге Іс-шаралар жоспарының орындалу барысы туралы ақпарат берсін.

5. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Қазақстан Республикасының Үкіметіне жарты жылдықтың қорытындылары бойынша

жылына екі рет, 25-қаңтарға және 25-шілдеге Іс-шаралар жоспарының орындалу барысы туралы жиынтық ақпарат берсін.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің агроөнеркәсіптік кешен мәселелеріне жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

7. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 6

ж ы л ғ ы

6

н а у р ы з д а ғ ы

N

1 4 9

қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін тұрақты дамытудың 2006-2010 жылдарға арналған тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі 2006-2008 жылдарға арналған бірінші кезектегі шаралар бағдарламасы Мазмұны

1. Бағдарламаның паспорты

2. К і р і с п е

3. Агроөнеркәсіп кешені экономикасының қазіргі таңдағы жай-күйі

4. Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін тұрақты дамытудың 2006 - 2010 жылдарға арналған тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі 2006 - 2008 жылдарға арналған бірінші кезектегі шаралар бағдарламасының мақсаттары мен міндеттері

5. Бірінші кезектегі шараларды іске асырудың жолдары мен тетіктері

Параграф 1 . Өсімдік шаруашылығы өнімдерін өндіру және қайта өңдеу

Параграф 1.1. Ғылыми-негізделген агротехнологияның сақталынуы негізінде егіншілікті өңірлік мамандандыру

Параграф 1.2. Егіншіліктің ылғалқорсақтау технологиясын енгізу

Параграф 1.3. Суармалы егіншілікті дамыту

Параграф 1.4. Ауыл шаруашылығы өндірісі үшін жанар-жағар май материалдары рыногын басқарудың жаңа тетіктері

Параграф 1.5. Өсімдік шаруашылығы өнімдерін өндіру және қайта өңдеудің техникалық жарақтануын сапалы арттыру

Параграф 1.6. Өсімдік шаруашылығының кластерлік басым бағыттары негізінде тігінен және көлденеңінен ықпалдасқан өндірісті құру

Параграф 1.7. Өсімдік шаруашылығы және оның қайта өңделген

өнімдерінің азық-түліктік рыногын реттеу тетіктері
Параграф 1.8. Өсімдік шаруашылығы өнімін өндіру жөніндегі
инновациялық жобалар
Параграф 1.9. Өсімдік шаруашылығы өнімін өндіру мен қайта өңдеуді
дамыту жөніндегі іс-шараларды қаржылық қамтамасыз ету
Параграф 2. Мал шаруашылығы мен балық шаруашылығы өнімдерін өндіру
және қайта өңдеу
Параграф 2.1. Мал шаруашылығының өнімділігі мен сапасын арттыру
Параграф 2.2. Мал шаруашылығы өнімін өндіру мен қайта өңдеуді
техникалық жарақтандыруды арттыру
Параграф 2.3. Мал шаруашылығындағы және балық шаруашылығындағы
кластерлік басымдықтар негізінде тігінен және көлденеңінен
ықпалдасқан өндірісті құру
Параграф 2.4. Мал шаруашылығы өнімдерінің азық-түліктік рыногын
реттеу тетіктері
Параграф 2.5. Мал шаруашылығы өнімдерін өндірудің экологиялық
қауіпсіздігін қамтамасыз ету
Параграф 2.6. Мал шаруашылығы және балық шаруашылығы өнімдерін
өндіру мен қайта өңдеуді дамыту жөніндегі іс-шараларды қаржылық қамтамасыз
ету
Параграф 3. Отандық ауыл шаруашылығы машиналарын жасауды дамыту
Параграф 3.1. Ауыл шаруашылығы машиналарын жасауды дамытудың
негізгі бағыттары
Параграф 3.2. Ауыл шаруашылығы машиналарын жасауды дамыту
шараларын қаржылық қамтамасыз ету
Параграф 4. Қызмет көрсету құрылымын және өнімнің қауіпсіздігін
және сапасын бағалау жүйесін дамыту
Параграф 4.1. АӨК өнімінің қауіпсіздігі қаупін бағалау және
сапасын бақылау жүйесін жаңарту және нығайту, техникалық реттеуді
жетілдіру
Параграф 4.2. Ауыл шаруашылығы өнімдерін даярлау жүйесі
Параграф 4.3. АӨК өнімдерін көтерме саудада сату
Параграф 4.4. АӨК қаржы және сақтандыру құрылымдары
Параграф 4.5. Ақпараттық-маркетингтік қамтамасыз ету
Параграф 4.6. АӨК салаларын ғылыми және кадрлық қамтамасыз ету
Параграф 4.7. Қызмет көрсету инфрақұрылымдарын және өнімдердің
сапасын бақылау және қаупін бағалау жүйесін дамыту бойынша
іс-шараларды қаржылық қамтамасыз ету
Параграф 5. Қазақстанның Дүниежүзілік сауда ұйымына кіруі

жағдайында агроөнеркәсіп кешенінің бәсекеге қабілеттілігі
Параграф 5.1. Бәсекеге қабілеттігін көтеру - АӨК тұрақты дамуының
ф а к т о р ы

Параграф 5.2. Отандық АӨК бәсекеге қабілеттігін арттыру жөніндегі
іс-шараларды қаржылық қамтамасыз ету

6. Бірінші кезектегі шаралар бағдарламасын іске асырудан күтілетін
н ә т и ж е л е р

7. Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін тұрақты
дамытудың 2006 - 2010 жылдарға арналған тұжырымдамасын іске
асыру жөніндегі 2006 - 2008 жылдарға арналған бірінші кезектегі
шаралар бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары
Ескерту

1. Бағдарламаның паспорты

Бағдарламаның атауы Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін
тұрақты дамытудың 2006 - 2010 жылдарға арналған
тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі 2006 - 2008
жылдарға арналған бірінші кезектегі шаралар
бағдарламасы

Бағдарламаны әзірлеу үшін негіздеме Агроөнеркәсіп кешенін тұрақты дамытудың
2006 - 2010 жылдарға арналған тұжырымдамасы

Бағдарламаны негізгі әзірлеуші Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі

Бағдарламаның мақсаты Салаларының өнімділігі мен табыстылығын арттыру
және отандық өнімдердің ұлттық бәсекелестік
артықшылықтарын дамыту негізінде АӨК-інің
тұрақтылығын қамтамасыз ету

Міндеттері Ауыл шаруашылығы құрылымдарын өңірлік мамандандыру
және ірілету;

ылғалқорсақтау технологиясын егіншілікке енгізу;

суармалы егіншілікті дамыту;

АӨК сапалы техникалық жарақтандыру негізінде АӨК
салаларының техникалық жарақтануы және
технологиялық жаңаруын қамтамасыз ету;

кластерлік басымдылық негізінде ықпалдасқан
өндірісті құру;

азық-түлік өнімдері нарығын реттеудің жаңа тетіктерін енгізу;

АӨК өнімінің қауіпсіздігі қаупін бағалау және сапасын бақылау жүйесін жаңарту және нығайтуды қамтамасыз ету;

ауыл шаруашылығы өнімдерін әзірлеу және көтерме сауда жүйесін дамыту;

қаржылық, сақтандыру инфрақұрылымдары және ақпараттық-маркетингтік қамтамасыз ету жолымен АӨК субъектілерінің кәсіпкерлік белсенділігін арттыру;

АӨК-нің ғылыми-инновациялық инфрақұрылымдарын дамыту және АӨК-ні кадрлық қамтамасыз етуді жетілдіру;

ДСҰ кіру жағдайында АӨК субъектілерінің бәсекеге қабілеттігін арттыру;

балық өсіруді және балық өнеркәсібін дамыту.

Іске асыру мерзімі 2006-2008 жылдар

Қаржыландыру көздері Республикалық және жергілікті бюджеттер қаражаты, бюджеттен тыс көздер қаражаты (агроөнеркәсіптік кешен субъектілерінің меншікті қаражаты, заем қаражаты, тікелей инвестициялар және басқа да қаржы институттарының қаражаты)

Қаржыландыру көлемдері: 2006 жылы - 70879,6 млн. теңге. 2007 және 2008 жылдарға арналған іс-шаралар бағдарламасын қаржылай қамтамасыз ету Республикалық бюджет комиссиясы бекіткеннен кейін анықталатын болады

Бағдарламаны іске асырудан күтілетін нәтижелер Агроөнеркәсіп кешенін техникалық және технологиялық жарақтандыру елеулі өседі; АӨК өнімінің қауіпсіздігі мен саласын бағалау жүйесі ДСҰ талаптарына сәйкес үйлестірілетін болады;

астықты қайта өңдейтін, сүт, жеміс-көкөніс, мақта және балық кластерлер қалыптасатын болады;

ауыл шаруашылығы өнімі өндірісіндегі ірі және орташа шаруашылықтардың үлесі 40 % дейін артады;
егістік құрамындағы жоғары рентабельді егістер 70% дейін артады;
институционалды инфрақұрылым аграрлық рыноктың қажеттілігіне бейімделетін болады;
отандық қайта өңдейтін өнеркәсіптерді дамыту үшін тұрақты шикізат негізі құрылатын болады және қайта өңдейтін кәсіпорындардың жүктеме дәрежесі көтерілетін болады;
ішкі азық-түлік рыногын реттеу негізі қаланатын болады, қазақстандық экологиялық және биологиялық таза өнімнің экспортты бағдарланған брэнді құрылған;
АӨК өнімінің жалпы көлемі 1 га егістік 300 АҚШ долларына дейін артады;
АӨК отандық субъектілерінің бәсеке әлеуеті біршама өседі, бұл ДСҰ-ға ену үшін өте маңызды.

Ескерту. Паспортқа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2007.10.05. N 908 Қаулысымен.

2. Кіріспе

2005 жылы Қазақстан Республикасының 2003 - 2005 жылдарға арналған Мемлекеттік аграрлық азық-түлік бағдарламасын іске асыру аяқталды. Агроөнеркәсіптік кешенінің дамуы тұрақтанды, Ауыл шаруашылығы өнімдерін және оның қайта өңделген өнімдерін өндірудің өсуі байқалады, азық-түліктің импорты төмендеуде, құрал-жабдықтармен және ауыл шаруашылығы техникаларымен жарактандыру артуда, ауыл халқының қуаттылығы жақсарды.

Солай бола тұра бұл жерде шешілмеген мәселе аз емес. Елдің ауыл шаруашылық өндірісі әлі де ұсақ тауарлы және соның нәтижесінде техникалық артта қалып отыр. Сала өндірістің негізгі құрал-жабдықтарын жедел жаңартуды, және бірінші кезекте техникалық паркті, қажет етеді.

Өндірілген ауыл және балық шаруашылығы өнімдерінің 80%-ға жуығы қайта өңдеусіз, шикізат түрінде таралады, ал дайын өнімнің қайта өңдеу кәсіпорындарының техникалық артта қалуы, олардың құрал-жабдықтарының моральдық және табиғи тозуы себепті бәсекеқабілеттілігі төмен.

Ауылдық жерлерде халықтың кәсіпкерлік белсенділігі төмен, соның

нәтижесінде ауылдағы халықтың жан басына шаққандағы ішкі өнім қалаға карағанда 5 есе төмен. Бір жағынан бұл өндірістік инфрақұрылымның дамымауымен және қаржы ресурстарына қол жетімсіздігімен де байланысты.

Мұның барлығы еңбек өнімділігінің артуына, ауыл және балық шаруашылығы өнімдерінің рентабелділігі мен сапасына кедергі болуда, бұл бізге ішкі азық-түлік рыногының ашықтығы жағдайынан жұмыс істеуге тура келетін ДСҰ кіру алдында аса өзекті.

Бұл міндеттерді шешу үшін мемлекет Басшысының Қазақстан халқына Жолдауына сәйкес Агроөнеркәсіптік кешенін тұрақты дамытудың 2010 жылға дейін арналған тұжырымдамасы әзірленді.

Осының негізінде алдағы жақын үш жылдық шараларды нақтылау мақсатында Қазақстан Республикасы агроөнеркәсіптік кешенін тұрақты дамытудың 2006 - 2010 жылдарға арналған тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі 2006 - 2008 жылдарға арналған бірінші кезектегі шаралар бағдарламасы әзірленді.

Ескерту. Кіріспеге өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2007.10.05. N 908 Қаулысымен.

3. Агроөнеркәсіп кешені экономикасының қазіргі таңдағы жай-күйі

2005 жылы ауыл шаруашылығының жалпы өнімі 764,8 млрд. теңге деңгейіне жетті, бұл 2004 жылмен салыстырғанда 9,4%-ға жоғары.

Жалпы өнім құрылымында мал шаруашылығы саласының үлесі өсуде, егер 2001 жылы ол 39 % төмендесе, қазіргі күні 46,5 % құрайды.

Сыртқы саудада ауыл шаруашылығы өнімдерінің және оның қайта өңделген өнімдерінің оң айырымы сақталуда. Ауыл шаруашылығы өнімдерінің және оның қайта өңделген өнімдерінің экспортының импорттан жоғарылауы 2003 - 2005 жылдары 8 %-ды құрады.

Балық және балық өнімінің сыртқы саудасындағы импорт физикалық көлемде экспорттан артық. Сонымен қатар, экспорттық портфельдің нарықтық құны жоғары.

Өсімдік шаруашылығында

Қазіргі уақытта ауыл шаруашылығы дақылдарының егіс алаңы 18,4 млн. гектар. Егіс алаңдары құрылымында жемдік астықтың, жарманың және жем дақылдарының үлесі аз болуы есебінен негізгі үлес дәнді дақылдарға (80 %-ға дейін) мен бидайға (68 %) тиіп отыр. Ауыспалы егіс тәртібі бұзылып қоза үлесі ұлғайтылған, жеміс ағаштары мен жүзім ағаштарының алаңын азайту тұрақты сипат алып отыр. Сонымен бірге майлы дақылдар мен қант қызылшасы егістіктерін ұлғайтуда оң өзгерістер де байқалады.

Егістік жердің өнімділігін арттыру мақсатында жыл сайын оның құрылымында сүрі жердің үлесі ұлғайтылып отырады. 2005 жылы ол 19,1%-ды құрады, бұл 2001 жылмен салыстырғанда 7%-ға дерлік артық.

2002 - 2004 жылдарда республика бойынша тұтас алғанда 100 мың тоннадан астам минералдық тыңайтқыш (қолданыстағы түрі) себілді, яғни өткен 6 жылда себілген минералдық тыңайтқыш көлемінен артық. Қазақстанда минералдық-шикізат ресурстарының барлық түрі болса да, өндірілетін минералды тыңайтқыштың түр-түрінің тек фосфорлымен шектелуде.

Тракторлар паркі 1995 жылы 138,5 мың бірлік болған еді, 2004 жылы 129,4 мың бірлікке дейін, жемшөп жинайтын комбайн - 7,7 мыңнан 3,1 мың бірлікке дейін және т.с.с. азайды. Қазіргі уақытта қолданыстағы тракторлар мен комбайндардың 70-75 %-ының орташа жасы 13 - 14 жыл, ал оларды пайдаланудың нормативтік мерзімі - 7-10 жыл.

М а л ш а р у а ш ы л ы ғ ы н д а

Мал шаруашылығы өнімін өндіру 1998 - 2000 жылдарда құлдырау шегіне жетті де, бірте-бірте ұлғайтыла бастады, алайда әлі 1995 жылғы деңгейге жеткен ж о қ .

50 %-дан астамын ауыл шаруашылығы құрылымдары өндіретін жұмыртқа мен құс етін қоспағанда, еттің, сүттің және жүннің 80%-дан астамы үй шаруашылықтарында өндіріледі.

Мал шаруашылығы өнімін өндіру қарқынының ұлғаюы ең алдымен мал басының көбеюіне байланысты. 1998 жылдан бастап мал мен құс басы өсуге б а ғ ы т а л д ы .

Еттің (негізінен құс еті) өзіндік құны мен түр-түрі бойынша бәсекеге қабілетсіздігінің салдарынан импорттың ұлғаюға беталысы байқалады. 2005 жылы құс еті импорты 2002 жылмен салыстырғанда 2,3 есеге өсті. Құс фабрикаларының қолданыстағы қуаттылығы 100,0 мың тоннадан артық құс етін өндіруге мүмкіндігі бола тұра, импорт бойынша келіп түскен құс етінің көлемі (110,4 мың тонна) республика бойынша өндіріс көлемінен (болжаммен 45,0 мың тонна) шамамен 2,5 есе артық.

Б а л ы қ ш а р у а ш ы л ы ғ ы н д а

Балық шаруашылығы су тоғандарының жалпы алаңы, Каспий теңізін қоспағанда, 3 миллион гектарға жуық. 2006 жылы республика су тоғандарында лимит 49754,6 мың тонна болғанда 41773,9 мың тонна балық ауланған.

Мемлекеттік тапсырыс шеңберінде жыл сайын жіберілетін балық шабақтары мен личинкалары 194,02 млн. дана, оның ішінде Каспий теңізіне жіберілетін бекіре балығының шабағы 6,0-дан астам данаға дейін жетеді.

Республикамызға балық пен балық өнімі 35 шет елден келіп түседі. Балықты негізгі жеткізіп берушілерге Ресей, Норвегия және Латвия жатады.

Балық пен балық өнімінің импорты соңғы бес жыл ішінде көлемі бойынша да , құны бойынша да 2006 жылы ең жоғары болды және 2001 жылғы 34,7 мың тонна және 16,0 млн. АҚШ доллары болған көрсеткіштермен салыстырғанда тиісінше 44,1 мың тонна мен 31,6 млн АҚШ долларына жетті. 2006 жылы әкелінетін өнімнің негізгі көлемі мұхит балығы (дайын мұздатылған және консервіленген) болды.

Қазіргі уақытта балықты қайта өңдеу және балық өнімін шығару республикамыздың 58 кәсіпорнында жүзеге асырылады. Балық өнімін шығарудың негізгі түрлеріне мыналар жатады: балық консервілері мен пресервтері, балық еті, мұздатылған балық, ысталған балық, сүрленген және басқа да балық өнімі.

Ауыл шаруашылығы шикізатын қайта өңдеу өнімдері

Тамақ өнеркәсібі ел экономикасының тұрақты өсуі үшін аса маңызға ие. Бұл сектор 2005 жылғы алдын ала алынған деректер бойынша қайта өңдеу өнеркәсібі құрылымында 26,3% құрайды және жалпы ішкі өнімнің шамамен 7,5 %-ын кіргізеді. Кейінгі төрт жылда сектор жыл сайын 108,2 %-дан 114,4 %-ға дейін өсу қарқынын көрсетті. Азық-түлік өнімдерін өндіру 2005 жылы 424,8 млрд. теңгеге жетті, бұл 2004 жылдың деңгейінен 14,4 %-ға жоғары.

Қолданыстағы қуаттылықтар республика халқының сүт өнімдерін терең қайта өңдеу жөніндегі қажеттігін 95,3 %-ға, консервіленген жеміс және көкөніс өндіру бойынша 27%-ға, ет өнімдері бойынша 49%-ға қамтамасыз ете алады.

Ауыл шаруашылығы өнімін қайта өңдеу және тамақ өнімдерін өндіру көлемі жыл сайын ұлғая түсуде. Яғни, 2005 жылы 2002 жылғы деңгейге қарағанда өсімдік майы - 3,2 есеге жоғары және 2004 жылдың деңгейінен - 1,0 %-ға жоғары , тиісінше, ұн 23,7 %-ға және 22,6%-ға, жарма 27,1%-ға және 15,1 %-ға, кондитерлік өнімдер 1,6%-ға және 16,8 %-ға, қоюлатылған сүт - 2,2 есе және 28,8%-ға, жеміс-көкөніс консервілері - 3,3 есе және 4,6 %-ға, шұжық өнімдері - 1,4 есе және 1,0 %-ға, ірімшік - 1,6 есе және 10,7%-ға, өңделген сұйық сүт пен кілегей - 42,6%-ға және 13,1%-ға, сары май - 2 есе және 40,9%-ға артық өндірілді.

2005 жылы 2004 жылмен салыстырғанда ең маңызды азық-түлік тауарларының түрлері бойынша экспорт ұлғайып импорт азайды.

Азық-түлік өнеркәсібі дамуының оң ағымы еліміздің экономикасы жалпы жақсаруына байланысты өнімнің көптеген түрлеріне халықтың сұранысы күшеюімен, сондай-ақ қуаттылықтарды жаңартуға және айналым қаражатын толықтыруға екінші деңгейдегі банктердің арзандатылған кредиттерін тартуға бағытталған мемлекеттік қолдау шараларын іске асырумен негізделінеді.

Ескерту. 3-бөлімге өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2007.10.05. N 908 Қаулысымен.

4. Агроөнеркәсіптік кешенін тұрақты дамытудың 2006-2010 жылдарға арналған тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі 2006-2008 жылдарға арналған бірінші кезектегі шаралар бағдарламасының мақсаттары мен міндеттері

Мақсаты - салаларының өнімділігі мен табыстылығын арттыру және отандық өнімдердің ұлттық бәсекелестік артықшылықтарын дамыту негізінде АӨК-інің тұрақтылығын қамтамасыз ету.

М і н д е т т е р і :

ауыл шаруашылығы құрылымдарын аймақтық мамандандыру және ірілету;
ылғалқорсақтау технологиясын егіншілікке енгізу;
суармалы егіншілікті дамыту;
АӨК сапалы техникалық жарақтандыру негізінде АӨК салаларының техникалық жарақтануы және технологиялық жаңаруын қамтамасыз ету;
кластерлік басымдылық негізінде ықпалдасқан өндірісті құру;
азық-түлік нарығын реттеудің жаңа тетіктерін енгізу;
АӨК өнімінің қауіпсіздігі қаупін бағалау және сапасын бақылау жүйесін жаңарту және нығайтуды қамтамасыз ету;
ауыл шаруашылығы өнімін бірлесіп өндіру, дайындау, өткізу, қайта өңдеу, сақтау, тасымалдау, тауарлық-материалдық құндылықтармен жабдықтау және ауыл шаруашылығы өнімін көтерме саудамен сату жүйесін дамыту;
қаржылық, сақтандыру инфрақұрылымдары және ақпараттық-маркетингтік қамтамасыз ету жолымен АӨК субъектілерінің кәсіпкерлік белсенділігін арттыру ;
АӨК-нің ғылыми-инновациялық инфрақұрылымдарын дамыту және АӨК-ні кадрлық қамтамасыз етуді жетілдіру;
ДСҰ кіру жағдайында АӨК субъектілерінің бәсекеге қабілеттігін арттыру;
АӨК салаларын индустрияландыру арқылы ауыл шаруашылығы өндірісін жеделдетіп дамыту ;
балық өсіру мен балық өнеркәсібін дамыту.

Ескерту. 4-бөлімге өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2007.10.05. N 908 Қаулысымен.

5. Бірінші кезектегі шараларды іске асырудың жолдары мен тетіктері

Параграф 1. Өсімдік шаруашылығы өнімдерін өндіру және қайта өңдеу

Параграф 1.1. Ғылыми-негізделген агротехнологияның сақталынуы негізінде егіншілікте өңірлік мамандану

М ә с е л е л е р :

аймақтарда егіс алаңдары құрылымдары оңтайландырылмаған, егіс құрылымында рентабелді дақылдар алаңдары жеткіліксіз, жемдік дақылдар мен кант қызылшасының егіс алаңдары қысқаруы байқалды, арамшөптерге және дәнді дақылдардың ауруларына қарсы күрес жүргізу үшін "егістік санитары" ретінде ауыспалы егістікте сұлыны пайдаланудың жеткіліксіздігі (1-5-кестелер);

ауыл шаруашылығы дақылдарының түсімділігінің деңгейі төмен; ғылыми негізделген агротехнология сақталмайды, агротехникалық жұмыстардың оңтайлы мерзімдері және сорттардың түрлі мерзімдік өсімділік арақатынасы ұсталмайды, егісте төмен сапалы тұқым пайдаланылады;

топырақтың құнарлылығының төмендеуі;

отандық селекция мен тұқым шаруашылығының жете дамымағандығы, қазақстандық селекцияның жоғары сапалы сорттары мен будандарының ж о қ т ы ғ ы ;

жаңа сорттар мен будандарды жедел енгізуде кедергі болып отырған ауыл шаруашылығы саласындағы өсімдіктерді аудандарға бөлу жөніндегі қолданыстағы заңдардың жетілдірілмеуі;

сорт сынау, тұқым шаруашылығы, тұқымның сапасын сараптау процестерінің техникалық жарақтануының әлсіздігі;

кадрлармен жеткіліксіз қамтамасыз етілу;

қайта өңдеу өнеркәсіптері үшін сапалы шикізаттың жеткіліксіздігі; м а қ т а н ы ң д а р а д а қ ы л ы ;

отандық кант заводтарының кант өндірісінде тамыр-жемісті өсімдік орнына қамысты кант-шикізатын пайдалануы үлесінің жоғарылығы;

сапасын төмендетпей өнімді ұзақ сақтауды қамтамасыз ететін газды ортаны реттейтін арнаулы көкөніс сақтайтын қоймалар іс жүзінде жоқ;

жүзім екпелерінің алаңын және жүзімнің жоғары сапалы және жоғары өнімді сорттарын отырғызу материалын өндіруді қысқарту.

М і н д е т т е р :

аймақтық табиғат-ауа райы ерекшеліктерін ескере отырып, ауыл шаруашылығы өнімдерін шоғырландыру және мамандандыру;

жоғары рентабельді, экспорт бағытты егісті кеңейту есебінен егіс алаңдарын оңтайландыру жолымен өсімдік шаруашылығын диверсификациялау;

ғылыми негізделген агротехнологияны сақтауды ынталандыру;

мемлекеттік сорт сынау жүйесін реформалау;

қайта өңдеу кәсіпорындарының шикізатқа қажеттілігін қанағаттандыру.

1-кесте. Астық дақылдарын өндіру

Жылдар	Өндіру			Ішкі тұтыну, мың тонна	Импорт, мың тонна	Экспорт, мың тонна
	егіс алаңы, мың га	түсімділігі, ц/га	жалпы өнім млн. тонна			
1	2	3	4	5	6	7
Жұмсақ бидай						
2001	10766,4	11,7	12706,8	6180,5	2,4	3022,4
2002	11488,8	10,9	12556,3	6643,3	0	3926,6
2003	11049,7	10,2	11288,4	6618,3	3,6	5121,8
2004	11561,2	8,4	9693,5	6343,8	-	2407
2005	11597,4	9,4	10957,3	6675,1	-	1809
5 жылда орташа	11292,7	10,1	11440,5	6492,2	1,2	3257,4
Қатты бидай						
2002	167,8	8,6	143,7	94,4	2,2	51,5
2003	205,8	12,1	248,9	163,3	5,1	90,7
2004	223,9	10,9	243,5	68,4	5,4	180,5
2005	215,8	11,6	241	154,8	3,8	90
4 жылда орташа	203,3	9,4	219,3	120,2	4,1	103,2
Жүгері дәні						
2001	86,3	33,3	320,4	308,7	1,5	13,2
2002	105,2	41,4	435,2	425,9	0,2	9,5
2003	101,2	43,2	437,5	409,1	0,3	28,7
2004	102,6	44,6	457,8	444,1	0,1	13,8
2005	104	41,5	432,1	427,9	0,1	4,3
5 жылда орташа	99,9	41,7	416,6	403,1	0,4	13,9
Арпа						
2001	1711,6	13,1	2243,8	2002,8	12,3	253,3
2002	1737	12,7	2208,9	1854,1	6,7	361,5
2003	1886,9	11,4	2153,8	1584,4	2	571,4
2004	1642,3	8,5	1387,9	1144,4	5	248,5
2005	1450,6	10,5	1527,5	1457,1	28,5	98,9
5 жылда орташа	1685,7	11,3	1904,4	1608,6	10,9	306,7

Сұлы						
2001	183	12	220,2	214,9	-	5,3
2002	144,5	12,7	183,2	183	-	0,2
2003	161	10,6	171	167,4	-	3,6
2004	169,8	7,7	130,2	128,9	-	1,3
2005	135,8	11,8	160	159,9	-	0,1
5 жылда орташа	158,8	10,9	172,9	170,8	-	2,1
Күздік бидай						
2001	41,7	10,4	43,4	37,5	0	5,9
2002	77,5	13,8	106,5	106,2	0	0,3
2003	49,6	8,4	42	41,7	10,8	11,1
2004	28,1	7,1	20,1	17,4	0,5	3,2
2005	30,3	7,1	23,6	24,9	1,3	0
5 жылда орташа	45,4	10,4	47,1	45,5	2,5	4,1
Дәнді-бұршақты дақылдар						
2001	23,7	13,3	31,5	31,6	0,3	0,2
2002	27,8	12,2	33,8	33,4	0,1	0,5
2003	32,1	12,2	39,2	38,9	0	0,3
2004	32,3	11,3	36,5	36	0	0,5
2005	30	10,5	31,6	31,7	0,1	0
5 жылда орташа	29,2	11,8	34,5	34,3	0,1	0,3

2-кесте. Майлы дақылдарды өндіру және қайта өндіру

Жылдар	Майлы тұқымдарды өндіру			Шығыс, мың тонна		М а й экспор-ты, мың тонна	М а й им-пор-ты, мың тонна
	егіс алаңы, мың га	түсім-ділігі, ц/га	жалпы өнім, мың тонна	тұқымға	м а й тұқымын қ а й т а өндеу		
Рапс							
2002	3,0	7,0	2,1	0,03	2,07	0,0	1,7
2003	11,3	6,5	7,3	0,11	7,19	0,2	0,4
2004	14,4	3,8	4,3	0,14	4,16	0,6	-
2005	41,6	8,7	36,2	0,42	35,77	-	0,1

	егіс алаңы, мың га	түсім- ділігі, ц/га	мың тонна	куаты, мың тонна	лінім куаты		
Мақта*							
2001	184,7	22,7	411,9	3,4	54,4	95,6	0,02
2002	170,7	21,5	360,4	3,4	47,6	136,7	0,03
2003	199,5	20,5	402,0	3,4	53,2	127,5	0,9
2004	223,5	20,5	466,7	3,4	61,7	143,8	0,05
2005 (болжау)	204,1	22,0	449,0	3,4	59,4	162,9	27,2
Қант қызылшасы							
2001	19,6	172,6	282,3	22,5	7,0	2,8	16,3
2002	19,8	206,6	372,1	22,5	7,5	8,5	19,1
2003	22,2	210,4	423,7	22,5	9,7	80,9	35,5
2004	22,8	197,4	397,9	22,5	10,9	130,4	50,6
2005 (болжау)	19,2	241,6	463,8	22,5	10,1	131,4	64,8
5 жылда орташа	20,7	190,3	387,9	22,5	9,1	70,8	37,2

* мақта талшығының экспорты және импорты

5-кесте. Жемістер мен көкөністерді өндіру және қайта өңдеу

Жылдар	Ішкі рыноқтың қажетті- лігі, мың тонна	Өндіру			Ішкі тұтыну, мың тонна	
		егіс алаңы, мың га	түсім- ділігі, ц/га	жалпы өнім, мың тонна	жаңа күйінде	консер- віленген түрінде
1	2	3	4	5	6	7
Алма						
2002	327,0	39,8	32	110,4	88,4	22,0
2003	239,0	39,2	27,0	93,1	74,1	19,0
2004	332,0	36,4	46,6	148,9	119,9	29,0
2005 (болжау)	334,0	40	47,0	188,0	150,0	38,0
4 жылда орташа	308,0	38,9	38,2	135,1	108,1	27,0
Томаттар						

2002	132,0	24,8	180,9	448,9	27,0	44,8
2003	132,0	24,3	183,5	447,9	27,0	44,7
2004	133,0	25,3	195,1	490,9	27,0	49,0
2 0 0 5 (болжау)	134,0	25	200,0	500,0	28,0	50,0
5 жылда орташа	132,8	24,9	189,9	471,9	27,3	47,1
Пияз						
2002	280,0	19,3	162,2	309,9	194,5	-
2003	281,0	18,6	172,7	320,0	229,1	-
2004	283,0	18,0	181,7	327,3	201,8	-
2 0 0 5 (болжау)	285,0	18,8	185,0	322,4	220,3	-
4 жылда орташа	282,3	18,7	171,1	319,9	211,4	-
Қырыққабат						
2002	283,1	15,3	207,5	322,0	125,9	32,2
2003	283,9	15,5	210,5	328,0	123,3	32,8
2004	285,6	15,1	215,0	322,0	128,6	32,2
2 0 0 5 (болжау)	287,9	15,5	220,0	341,0	123,7	34,1
4 жылда орташа	285,1	15,4	213,2	328,3	125,4	32,8
Картоп						
2002	1037,5	162,9	139,3	2268,8	489,0	1558,8
2003	1040,4	166	139,0	2308,3	498,0	1580,8
2004	1046,6	168,1	134,5	2260,7	504,0	1537,4
2 0 0 5 (болжау)	1055,2	168,2	140,0	2354,8	505,0	1621,7
4 жылда орташа	1044,9	166,3	138,2	2298,2	499,0	1574,7

Ш а р л а р :

республиканың әрбір облысы үшін басым дақылдар тізбесін (6-кесте) және егіс алаңдарының оңтайлы құрылымын анықтау (7-кесте);

бидайдың күшті және қатты сорттарын, астық, жемдік астық, майлы, дәнді-бұршақты және жарма дақылдарын өндіру мен қайта өңдеу көлемін а р т т ы р у ;

мықты жемдік база құру, оның ішінде төмен бағалы (эрозияланған, аз өнімді) егістік жердің бөлігін толыққанды мал азығына арналған жерлерге жоспарлы ауыстыру және көпжылдық дәнді-бұршақтылармен және астық тұқымдастармен

толтыру, табиғи мал азығына арналған жерлерді тамырынан жақсарту есебінен;
құнарландырылған және құрама жемдер құрамында арпаны негізгі жемдік
да қыл ретінде пайдалану;

агротехникалық ережелер мен нормаларды және егіншіліктің қажетті жоғары
мәдениетін сақтау;

ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерді көктемгі-егіс және жинау
жұмыстарын жүргізуге қажетті жанар-жағар май материалдарын, минералды
тыңайтқыштарды және суару суларын жеткізу құнын субсидиялау тетіктері
арқылы орта және ірі құрылымдарға біріктіруді ынталандыру;

көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарын жүргізген кезде отандық тауар
өндірушілер негізгі және айналымдағы қаражаттарды алуға жеңілдетілген кредит
беру;

көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарын жүргізуге жергілікті бюджет
қаражаты есебінен кредит берген кезде сыйақы ставкасын өтеу;
егіншіліктің табиғат қорғау және бейімді-ландшафты ылғалқорсақтау жүйесін
өзірлеу және көшу;

өсіру технологиясын топырақтық-климаттық жағдайларға және дақылдар мен
сорттардың биологиялық ерекшеліктеріне бейімдеу;

өсімдіктердің жергілікті жағдайға бейімделген, торығуға шыдамды, жоғары
түсімді сорттарын құру және енгізу, селекция мен тұқым шаруашылығын дамыту
, өндіріске өнеркәсіптік сорттарын енгізу;

ғылыми-негізделген ауыспалы егісті сақтау және игеру жолымен егістік
жерлердің құнарлылығын арттыру, дәнді-бұршақтылар және астықтық
дәнді-бұршақтылар егісін кеңейту, сүрі жер енгізу;

тұқым шаруашылығы және өсімдік сорттарын қорғау саласындағы заңнаманы
жетілдіру;

Қазақстан Республикасының "Мақта саласын дамыту туралы" Заңы жобасын
өзірлеу және қабылдау;

биодизель өндіретін зауыт салу;

көкөніс дақылдарын өндірудің бөлігін консервілеуге арналған сорттарға
қайта бағыттау, қайта өңделген өнімдер өндіру түр-түрі мен көлемін ұлғайту;

жүзімдіктердің ескі алаңдарын қалпына келтіру (қайта жаңарту) және
жаңаларының негізін қалау;

отандық шарап ашыту өнімінің сапасы мен түр-түрін жақсарту, өндіріс
шығындары мен бағаларын төмендету есебінен оның бәсекеге қабілеттілігін
арттыру.

**Ескерту. "Шаралар" деген кіші бөлімге өзгерту енгізілді - Қазақстан
Республикасы Үкіметінің 2008.06.17 N 589 Қаулысымен.**

6-кесте. Өңірлер бойынша ұсынылған басым дақылдар тізбесі

Ақмола	Ақтөбе	Алматы	Шығыс Қазақстан	Жамбыл	Батыс Қазақстан
жаздық бидай күздік қара бидай арпа сыра қайнататын арпа сұлы бұршақтылар рапс күнбағыс жемдік дақылдар	күздік бидай жаздық бидай күздік қара бидай арпа сыра қайнататын арпа сұлы тары сафлор күнбағыс жемдік дақылдар	күздік бидай арпа сыра қайнататын арпа жүгері дәні күріш қытай бұршағы сафлор күнбағыс кант қызылшасы темекі көкөніс жеміс-жидек жемдік дақылдар	күздік бидай жаздық бидай күздік қара бидай арпа сыра қайнататын арпа сұлы қарақұмық тары бұршақтылар күнбағыс қытай бұршағы жемдік дақылдар	күздік бидай арпа жүгері дәні қытай бұршағы сафлор кант қызылшасы көкөніс жеміс-жидек жемдік дақылдар	күздік бидай күздік қара бидай арпа сұлы тары күнбағыс сафлор жемдік дақылдар
Қарағанды	Қызылорда	Қостанай	Павлодар	Солтүстік Қазақстан	Оңтүстік Қазақстан
жаздық бидай арпа сұлы бұршақтылар күнбағыс жемдік дақылдар	жүгері дәні күріш тары қытай бұршағы сафлор жемдік дақылдар	жаздық бидай күздік қара бидай арпа сыра қайнататын арпа сұлы қарақұмық тары бұршақтылар рапс күнбағыс жемдік дақылдар	жаздық бидай күздік қара бидай арпа сұлы қарақұмық тары рапс күнбағыс жемдік дақылдар	жаздық бидай күздік қара бидай арпа сұлы қарақұмық бұршақтылар рапс күнбағыс жемдік дақылдар	күздік бидай сыра қайнататын арпа жүгері дәні күріш қытай бұршағы сафлор күнбағыс мақта көкөніс жеміс-жидек жемдік дақылдар

7-кесте. Егіс алаңдарының ұсынылған құрылымы, %

Дақылдар	2005 ж.	2006 ж.	2007 ж.	2008 ж.
жұмсақ бидай	67,7	63,3	60,6	57,9
қатты бидай	1,2	1,3	1,7	2,1
арпа	8,1	9,4	10,2	11,5
сыра қайнататын арпа	0,5	0,6	0,6	0,6

күздік бидай	0,2	0,2	0,3	0,4
сұлы	0,8	1,0	1,2	1,3
жүгері дәні	0,6	0,6	0,6	0,8
күріш	0,5	0,4	0,4	0,4
қарақұмық	0,5	0,5	0,6	0,7
тары	0,5	0,4	0,4	0,4
бұршақтылар	0,2	0,2	0,2	0,2
күнбағыс	2,5	2,2	2,2	2,2
рапс	0,2	1,0	2,4	3,3
қытай бұршағы	0,2	0,3	0,5	0,9
сафлор	0,7	0,7	0,6	0,6
қант қызылшасы	0,1	0,1	0,1	0,1
мақта	1,1	1,0	0,9	0,8
картоп	0,9	0,9	0,8	0,8
көкөністер және бақшалықтар	0,8	0,8	0,8	0,7
жемдік дақылдар	12,9	15,2	14,8	14,4
Барлығы	100	100	100	100

Күтілетін нәтижелер:

ғылыми негізделген ауыспалы егісті енгізу және игеру; түсімділікті, жалпы өнімді және өсімдік шаруашылығы өнімдерінің сапасын арттыру;

елдің негізгі тамақ өнімдеріне ішкі қажеттілігін қамтамасыз ету; бәсекелестіктің, қайта өңдеу көлемінің, оның ішінде терең, өсуі, өсімдік шаруашылығы өнімдерінің және оның қайта өңдеу өнімдерінің экспорты көлемінің ұлғаюы және импорт көлемінің қысқаруы;

қазақстандық экологиялық және биологиялық таза өсімдік шаруашылығы өнімдерінің және оның қайта өңдеу өнімдерінің коммерциялық брэндін құру, түр - түрін арттыру;

отандық қайта өңдеу кәсіпорындарын дамыту үшін тұрақты шикізат негізін құру және қайта өңдеу кәсіпорындарының жүктелімі деңгейін жоғарылату; өнеркәсіптік мал шаруашылығы және құс шаруашылығын дамыту үшін жемдік базаның тұрақты негізін құру.

Ескерту. 1-1-параграфқа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2007.10.05. N 908 Қаулысымен.

Параграф 1.2. Егіншіліктің ылғалқорсақтау технологиясын енгізу

М ә с е л е л е р :

астық салалары рентабельдігінің төмендігі, себебі астыққа баға сұраным мен ұсыныстың ықпалымен қалыптасады және тұрақсыздылықпен сипатталады, астық өндірісінің рентабельдігін шығынды қысқарту есебінен ғана көтеру мүмкін (8-кесте)

8-кесте. Дәнді дақылдарын әртүрлі технологиялар бойынша өндірудің өзіндік құнының құрылымы

Көрсеткіш атауы	Технология бойынша көрсеткіш мәні					
	дәстүрлі		ең төменгі		нөлдік	
	теңге/га	%	теңге/га	%	теңге/га	%
Өнімнің өзіндік құны	11055,0	100,0	9121,1	100,0	9953,7	100,0
оның ішінде						
жалақы	101,1	0,9	70,5	0,8	66,5	0,7
Ж Ж М , электрэнергиясы, су, газ	1540,1	13,9	748,8	8,2	641,1	6,4
жөндеу, техникалық қызмет көрсету	2672,0	24,2	2177,2	23,9	2098,7	21,1
амортизация (реновация)	2859,5	25,9	2306,2	25,3	2226,4	22,4
тұқым	1675,8	15,2	1675,8	18,4	1675,8	16,8
тыңайтқыш	611,8	5,5	611,8	6,7	611,8	6,1
өсімдік қорғау құралы	534,7	4,8	534,7	5,9	1635,9	16,4
үстеме шығыстар (салықтар)	1061,4	9,6	997,5	10,9	997,5	10,0

су және жел эрозиясына ұшырағыштығы, өңдеудің одан әрі қарқындануы жағдайында жердің толық тозу қаупі;

дәстүрлі технология жағдайында өсімдік шаруашылығы өнімін өндіруге жұмсалатын шығындар, жанар-жағар май (бұдан әрі - ЖЖМ), шығыс материалдары, техника және еңбек ақыны төлеу бағасының деңгейі жоғары (дәнді ауыспалы егіске арналған машиналардың дәстүрлі жиынтығы әр 2,5 мың гектарға машиналардың 21 атаулы 64 бірлігін қамтиды, оның ішінде 12 трактор. Жалпы металды қажетсіну 206 тоннаны құрайды) (9-кесте);

ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің ылғал ресурстарын сақтау технологияларын енгізуге дайын еместігі (техникалық, технологиялық, моральдік);

ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің өсімдіктерді қорғау құралдарын (атап айтқанда құрамында глифосаты бар гербицидтерді), тыңайтқыштарды, жанар-жағар май материалдарын, техникаларды сатып алуға олардың құндарының жоғары болу себебінен қаражат айналымының жеткіліксіздігі;

ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерде топыраққа механикалық әсер етуді азайтуды қамтамасыз ететін арнайы жұмыс органдары бар сепкіштер және жабу қабаттарын жасау үшін сабандарды біркелкі шашуды қамтамасыз ететін ұсақтағышы бар жинауыш техникалар жоқтығы; білікті мамандардың іс жүзінде жоқтығы.

9-кесте. "Заречное" ЖШС үлгісінде ең төменгі-нөлдік технологияны қолданудың экономикалық тиімділігі

Көрсеткіштер	Жұмсақ бидай өсіру технологиясы	
	дәстүрлі технология	ең төменгі-нөлдік технология
1 га шығыс, теңге: Сүрі әзірлеуге Бидай өсіру	7 7 3 9 11070	5 8 7 9 9973
1 тоннаның өзіндік құны, теңге	11375	6629
Рентабельдігі, %	-2,8	33,5

Ш а р а л а р :

ылғал ресурстарын сақтау ең аз нөлдік технологияларды бірінші кезеңде Ақмола, Қостанай, Солтүстік Қазақстан облыстарында тиісті материалды-техникалық базалары бар шаруашылық жүргізуші субъектілер б а з а с ы н д а е н г і з у ;

ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерді жаңа технологияларға үйрету, технология компоненттерін өндірістік жағдайда көрсету, шетел тәжірибелерімен танысу, егіншіліктің жаңа жүйесінің артықшылығын ғылыми жарияланым және бұқаралық ақпарат құралдары арқылы кеңінен насихаттау; химиялық сүрі жер технологиясын енгізу (10-кесте).

10-кесте. Глифосат пайдаланудағы шығын

Гербицид	Гектарлық мөлшер бағасы, теңге/га	енгізуге шығын, теңге/га	Өңдеу шығыны, теңге/га	50 мың га шығын, мың теңге
Глифосат мөлшері-1 л/га	865	266	1131	56525

К ү т і л е т і н н ә т и ж е л е р :

мемлекеттік қолдаумен егіншіліктің ылғалқорсақтау технологиясын жаппай жедел енгізу, жер жырту көлемін азайтуға қол жеткізу, ылғалды сақтауды қамтамасыз ету, ауыл шаруашылығы дақылдарының түсімділігін арттыру, еңбек

шығынын қысқарту, жанар-жағар май материалын, жұмыс күшін, материалдық ресурстарды және ақша қаражатын үнемдеу, құрал-жабдықтарға шығыстарды азайту ;

топырақ қабатының жоғарғы қабатында органикалық заттарды сақтау, су және жел эрозиясы қатерін азайту, топырақтың құнарлылығын жоғарылату және құрылымын жақсарту.

Параграф 1.3. Суармалы егіншілікті дамыту

М ә с е л е л е р :

суармалы жердің тұздану, сортаңдану және суландыру эрозиясына ұшырауы процесінің дамуы ;

суару жүйелерінің пайдалы қызмет коэффициентінің төмендеуі;
тұтынылатын суды шынайы есепке алудың жүргізілмеуі;
мелиорацияны мемлекеттік бюджет және басқа да көздердің есебінен қаржыландыру көлемінің аздығы;

суармалы жерлерді көп жағдайда монодақылды егуге ғана пайдалану, ғылыми негізделген ауыспалы егістің сақталмауы;

ішкі суару жүйелерін пайдалану және ұстап тұру бойынша су пайдаланушылардың ауылдық тұтыну кооперативтерін (ары қарай - САТК) ұйымдастырудың әлсіздігі;

күріш өңделетін негізгі өңірлерде суару су жеткіліксіз;
мақта өңделетін негізгі өңірлерде суару судың шығыстарының артуы.

Ш а р а л а р :

нормативтік құқықтық базаны жетілдіру;
гидромелиорациялық кондоминиумді және САТК құруға және нығайтуға ықпал ету ;

судың есебін жүргізу жүйесін қалпына келтіру және суару жүйелеріндегі гидростаттарды паспорттауды жүргізу;

суармалы жерлерде су пайдалануды басқарудың ұйымдық құрылымын жетілдіру ;

суармалы жерлердің мелиоративтік жай-күйін жақсарту шараларын жүргізу;
шаруашылық аралық арналар және гидромелиорациялық құрылыстардың айрықша қауіпті учаскелерін күрделі жөндеу және қалпына келтіру;

суару жүйелерін қайта жаңарту және қайта жабдықтау;
суарудың суды үнемдейтін және топырақты қорғайтын технологияларын пайдалану ;

суармалы жерлердегі егіс алаңдары құрылымдарын жетілдіру;
кешенді мақсаттағы гидротехникалық құрылыстар және су қоймаларын қайта

ж а ң а р т у ;

ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілерге суару суын жеткізу қызметі бойынша құнды субсидиялау;

ауыл шаруашылығы дақылдарын өсірудің прогрессивтік технологияларын қолдану ;

суармалы жерлердегі мелиоративтік жүйелерді кешенді қалпына келтіру үшін республикалық бюджет және халықаралық қаржы институттарының қаржыларын т а р т у .

К ү т і л е т і н н ә т и ж е л е р :

суармалы жерлерді рациональды пайдалану, ауыспалы егісті қалпына келтіру есебінен топырақтың құнарлылығын сақтау және жоғарылату; мелиоративтік жүйенің пайдалы әрекет коэффициентін арттыру.

Параграф 1.4. Ауыл шаруашылығы өндірісі үшін жанар-жағар май материалдары рыногын басқарудың жаңа тетіктері

М ә с е л е л е р :

соңғы жылдардағы мұнай мен мұнай өнімдеріне әлемдік бағаның өсуі ішкі бағаның өсуіне әкелді ;

мұнай өнімдері (дизельдік отын) рыногын реттеуде ауыл шаруашылығы науқанын жүргізу кезеңінде оларға бағаны төмендету мақсатымен рыноктық емес әдістерді пайдалануы ;

ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің ЖЖМ-ға қолжетімдігінің тиімді тетіктерінің жоқтығы .

М і н д е т т е р :

отандық ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерді қолжетімді баға бойынша жанар-жағар майлармен қамтамасыз ету.

Ш а р а л а р :

жыл сайын облыстар қимасында дизельдік отынға қажеттілікті анықтау; дизельдік отынды өңірлік мамандандырылуды ескере отырып бөлу; ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің қажеттіліктеріне және бекітілген облыстарға сәйкес мұнай өндіруші зауыттардың (бұдан әрі - МӨЗ) ішкі рынокқа мұнай өнімдерін жеткізуін қамтамасыз ету;

ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің ЖЖМ сатып алу жөніндегі ұсынылған құжаттары және егілген алаңдар туралы анықтамалары (1-сурет) негізінде көктемгі-егіс және жинау жұмыстарын жүргізуі үшін дизельдік отынның құнын субсидиялау ;

ауыл шаруашылығы мұқтаждығы үшін мұнай өнімдерін құюға жылжымалы құрамның үздіксіз және уақытылы берілуін қамтамасыз ету.

Күтілетін нәтижелер:

астық түсімділігін оңтайлы мерзімде барлық агротехникалық шараларды орындау есебінен жоғарылату;

өсімдік шаруашылығы өнімдерін өндіруді тұрақтандыру және оның табыстылығын арттыру;

отандық ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің бәсекеге қабілеттілігін жоғарылату.

1-сурет. Ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілерге субсидия төлеу сызбасы

(Қағаз мәтінінен қараңыз)

Параграф 1.5. Өсімдік шаруашылығы өнімдерін өндіру және қайта өңдеудің техникалық жарақтануын сапалы арттыру

Өсімдік шаруашылығы өнімдерін өндіру және қайта өңдеудің техникалық жарақтануын арттыру

Мәселелер:

ауыл шаруашылығы техникасының тозу деңгейінің жоғарылығы (80 %) және жаңартудың баяу қарқыны (5,6 % соңғы төрт жылда);

ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілердің арнайы техникамен және құрал-жабдықтармен жарақтануының төмендігі;

республиканың машина-трактор паркін жаңартуға мемлекет бөлетін қаржының жеткіліксіздігі;

ауыл шаруашылығы және өнеркәсіп өнімдеріне бағаның теңсіздігі; ауыл шаруашылығы шикізатын қайта өңдеу кәсіпорнының өндірісті елеулі жаңартуға қаржысының жоқтығы;

екінші деңгейдегі банктердің кредит берудегі проценттік ставкасының жоғары болуы және кепілдік қамтамасыз ету жоқтығы себепті кредит қаржысының қол жетімсіздігі;

құрал-жабдықтарды және технологияны қазіргі заманғы әзірлеудің жеткіліксіздігі;

жоғары өнімді шетелдік құрал-жабдықтардың қымбатшылығы; шикізатты өлшеп буу, тиеу және бөлу процесін автоматтандырудың төмен деңгейі.

Міндеттер:

ауыл шаруашылығы өндірісін энергиямен қамтамасыз етудің өсуін қаржылық лизингті инвестициялау және кредит және лизинг бойынша проценттік ставканы субсидиялау арқылы ынталандыру;

технологиялық процестер мен құрал-жабдықтарды жедел жаңарту.

Ш а р а л а р :

Қазақстан Республикасының сәйкестік сертификаты бар қазіргі заманғы ауыл шаруашылығы техникасының импорты;

лизингке берілетін ауыл шаруашылығы техникалары мен технологиялық құрал-жабдықтарының номенклатурасын кеңейту;

арнайы ауыл шаруашылығы техникаларымен және құрал-жабдықтармен қ а м т а м а с ы з е т у ;

лизинг бағдарламасына мемлекеттік реттеу тетіктерін (қаржылай лизингі бойынша сыйақы ставкасын өтеу) пайдалану арқылы жеке капиталды тарту;

ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу кәсіпорындары үшін құрал-жабдық лизингісіне қаржыны көбейту;

жоғары өнімді технологиялық құрал-жабдықтардың лизинг рыногын кеңейту;

өндірістің аз шығынды технологияларын енгізу.

Күтілетін нәтижелер:

жеке капиталды тарта отырып республиканың машина-трактор паркін т е х н и к а л ы қ ж а ң а р т у ;

ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу кәсіпорындарында қазіргі заманғы құрал-жабдықтар және өндіріс технологиясын енгізу; құрал-жабдықтардың өнімділігі мен сапасын арттыру.

Машина-технологиялық станциялары арқылы сервистік қызмет көрсету

М ә с е л е л е р :

машина-технологиялық станциялары (МТС) жүйесінің дамымағандығы; техникалық сервистік қызмет көрсету орталықтарының жоқтығы.

М і н д е т т е р :

ауыл шаруашылығы өндірісіне сервистік қызмет көрсету жүйесін құру.

Ш а р а л а р :

МТС жүйесін дамыту, олардың қызмет көрсету саласын және ұсынатын қ ы з м е т т ү р л е р і н к е ң е й т у ;

ауыл шаруашылығы техникаларын жөндеу, сервистік қызмет көрсету және қосымша бөлшектер сатуды іске асыратын техникалық қызмет көрсету желісін к Ұ р у ;

жөндеу-сервистік қызмет көрсету қызметін сертификаттау.

Күтілетін нәтижелер:

МТС жүйесін дамыту негізінде техниканы пайдалану тиімділігін арттыру;

ауыл шаруашылығы инфрақұрылымдарын дамыту.

Ескерту. 1-5-параграфқа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2007.10.05. N 908 Қаулысымен.

Параграф 1.6. Өсімдік шаруашылығының кластерлік басым бағыттары негізінде тігінен және көлденеңінен ықпалдасқан өндірісті құру

Ақмола, Қостанай және Солтүстік Қазақстан облыстарындағы астықты қайта өңдеу кластері

Мәселелер :

астық қабылдау кәсіпорындарында сапалы көрсеткіштері бойынша астық партияларын құруға бақылаудың жоқтығы ұн тарту партиясын құруды қиындатады ;

қазақстандық астықтың бәсекеге қабілеттілігінің және экспорттық әлеуетінің төмендеуі ;

ауыл шаруашылығы өнімі экспортының шикізат сипаты; қайта өңдейтін кәсіпорындарға салынатын салық деңгейі жоғары, оның ішінде қосылған құн салығына ;

астық жинаудан кейінгі өңдеу жұмыстары жүйесінің және астықты сақтаудың нашарлауы ;

ұнды ұсақ тауарлы өндіру - кәсіпорындардың бар болғаны 13,6%-ы ғана өнеркәсіптік диірмен кәсіпорындарын құрайды;

ұнның өркениетті көтерме рыногы жүйесінің жоқтығы; ұнның қазақстандық ортақ брэндінің жоқтығы, ол бағаның түсуіне және сыртқы рынокқа сапасыз өнімнің жеткізілуіне әкеліп соғады; астықты терең қайта өңдеудің жеткіліксіз дамуы; тасымалдауға көлік шығыстарының жоғарлығы;

Қазақстанда өндірілетін макарон өнімдерінің сапасы халықаралық стандарттарға сай емес ;

астықты терең қайта өңдеу өнімдерінің экспортын қолдаудың анық мемлекеттік стратегиясының жоқтығы;

сала жөнінде статистикалық шынайы мәліметтердің жоқтығы.

Міндеттер :

экспорттық бағыттағы астықты қайта өңдеу кластерін республиканың негізгі астықты белдеуінде - Ақмола, Қостанай және Солтүстік Қазақстан облыстарында құру ;

астықтың және терең қайта өңдеу өнімдерінің бәсекеге қабілеттілігін арттыру .

Шаралар :

республиканың астықты қайта өңдеуінің экспорттық әлеуетін арттырудың мемлекеттік стратегиясын әзірлеу;

астықты терең қайта өңдеу өнімдерінің қазақстандық ортақ брэндіні құру; экспорттаушылар - астықты қайта өңдеушілер қауымдастығын құру;

астықты экспортқа сату жөніндегі қызметті лицензиялау;
экспортерлерге жеңілдетілген кредит, шикізат және дайын өнімді тасуға
жеңілдетілген тарифтер, экспорттық жеткізуге мемлекеттік кепілдік беру;
бидай астығын терең қайта өңдеуді, құрғақ дән маңызы мен биоэтанолды
қ о с а а л ғ а н д а , да м ы т у ;

астықты қайта өңдеу зауытын салу;
астықты және оның қайта өңдеу өнімдерінің экспортын, оның ішінде ауыл
шаруашылығы өнімі экспортын қолдау жөніндегі бағдарламаны субсидиялау,
әзірлеу және іске асыру арқылы мемлекеттік ынталандыру;

ТМД, ЕурАзЭҚ және ЕЭС мүше-мемлекеттер аумағында экспорттың
инфрақұрылымдарын бірлесе дамыту және ауыл шаруашылығы өнімдерін
қамқорлыққа алу саясатын жүргізу;

ЕурАзЭҚ мүше-мемлекеттері аумағында кедендік-тарифтік реттеуді әзірлеу
және іске асыру, бір ыңғайланған темір жол тарифтерін енгізу;

ауыл шаруашылығы және оның қайта өңдеу өнімдерін өткізу рыноктарын
кеңейту жөнінде Қазақстан Республикасының шетелдік мекемелерін
белсенділендіру, әсіресе Қытай, Ауғаныстан, Пәкістан, Египет;

"Ақ Бидай Терминал" АҚ жарғылық капиталын ұлғайту және Ақтау
портындағы астық терминалын тиеу құрылғысын ауыстыру;

Баку (Әзірбайжан), Амирабад (Иран) және Поти (Грузия) порттарында астық
кабылдау терминалдарын, сондай-ақ Баку (Әзірбайжан) және Поти (Грузия)
порттарында диірмен кешендерін салу.

**Алматы, Жамбыл және Оңтүстік Қазақстан облыстарындағы жеміс-көкөніс
к л а с т е р і**

М ә с е л е л е р :

ішкі рыноктың сыйымдылығының жеткіліксіздігі;
буып-түю материалдарының құнының жоғарылығы, бірінші кезекте шыны
ы д ы с т а р ы ;

ыдыстардың жеткіліксіздігі, әсіресе қажетті түр-көлемдегі шыны ыдыстар;
елде өнімді және өндірісті сертификаттау бойынша аккредиттелген
қ ұ р ы л ы м д а р д ы ң ж о қ т ы ғ ы ;

өнеркәсіптік қайта өңдеуге жарамды шикізаттың жеткіліксіздігі;
ауыл шаруашылығы өнімдерін әзірлеу, сақтау және алғашқы қайта өңдеу
ж ү й е с і н і ң да м ы ма ғ а н д ы ғ ы .

М і н д е т т е р :

республиканың негізінен жеміс-көкөніс белдеуінде - Алматы, Жамбыл және
Оңтүстік Қазақстан облыстарында орналасқан жеміс-көкөніс шикізаттарын қайта
өңдеуші-кәсіпорындардың қатысуымен бәсекеге қабілетті жеміс-көкөніс
к л а с т е р і н қ ұ р у .

Ш а р а л а р :

таза сортты егу материалдары мен тұқым өсіру үшін жеміс тұқымбақтарын, жүзім көшеттіктерін және тұқым шаруашылығын қайта қалпына келтіру және дамыту жөніндегі шараларды әзірлеу;

азық-түлік құрал-жабдықтары сертификаттарын тану рәсімін оңайлату; жеміс-көкөніс дақылдарын және жүзім өндіру және қайта өңдеу жөніндегі кәсіпорындар үшін техника және құрал-жабдықтар лизингін кредиттеу;

жеміс-жидек дақылдарының және жүзімнің көпжылдық екпе ағаштарын және жүзім егу жөніндегі, жеміс-жидек дақылдарының қайта өңдеуге жарамды сорттарын өндіруді арттыру жөніндегі жұмыстарды мемлекеттік қолдау шараларын әзірлеу;

өңірлік бағдарламалар іс-шараларын жоспарлау (оның ішінде қаржыландыру) кезінде одан әрі есепке алу үшін өңірлердің ғылыми ұйымдарымен бірлесіп, жергілікті атқарушы органдардың қазіргі жүзім екпелерінің алаңдарын түгендеуді жүргізуі.

Оңтүстік Қазақстан облысындағы "Тоқыма өнеркәсібі" кластері

М ә с е л е л е р :

мақта өндірумен айналысатын ауыл шаруашылығы құрылымдарының бөлшектенуі;

өнеркәсіптің өсіп келе жатқан сұранымдарына жауап бере алатын бәсекеге қабілетті сорт жиынтығының болмауы;

білікті кадрлардың жеткіліксіздігі;

ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерді ары қарай қамтамасыз ету мақсатында бірінші-үшінші өндіруге дейін тұқым көбейту бойынша тұқым шаруашылықтары желісінің жеткіліксіз дамуы;

мақта тазалау зауыттарында сорттық түрінің бұзылуы жүретіндіктен сорттық агротехника іс жүзінде сақталмайды, бұл оның сапасына және мақтаның сатылу бағасына кері әсер етеді;

өнім мен өндірісті, қажетті стандарттарды, сапа менеджменті жүйесін сертификаттау жөніндегі тіркелген құрылымдардың жоқтығы;

ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер мен мақтаны өндіретін және қайта өңдейтін кәсіпорындар корпорациялардың (бірлестіктердің) қарқыны төмен;

маркетингтің төмен деңгейі;

отандық қайта өңдеу кәсіпорындарының жұмыспен аз жүктелінуі.

М і н д е т т е р :

Оңтүстік Қазақстан облысында мақта-мата жіптері мен маталарын өндіретін кластер құру.

Ш а р а л а р :

мақта шаруашылығы саласы үшін маман даярлауға байланысты

мамандықтарға гранттарды көбейту (түрлі саладағы агрономдар, гидромелиораторлар және т.б.);

ж ә н е қ а й т а м а м а н д а н д ы р у ;
ауыл шаруашылығының шикізаттарын қайта өңдеу кәсіпорындарын және
азық-түлік өнеркәсіптерінің зертханаларын қазіргі заманғы
материалдық-техникалық базамен жарақтандыру.

Фитосанитариялық қауіпсіздік саласындағы шаралар:

аса қауіпті зиянды организмдерді анықтауды зерттеу көлемін ұлғайту;

жыл сайын 3 млн. га алаң айналасында аса қауіпті зиянды организмдермен
к ү р е с ж ү р г і з у ;

тұқымдар мен гербицидтерді уландыру құнын арзандату;
"Республикалық фитосанитариялық диагностика және болжам әдістемелік
орталығы" мемлекеттік кәсіпорынының штат санын ұлғайту;
жыл сайын 1200 мың га алаңда карантиндік объектілерді табуға зерттеу
жүргізу, 180 мың га аса алаңда олардың таралу ошақтарын бөлшектеу және жою;

өсімдік карантині бойынша шекаралық (пункттер) бекеттер үшін арнайы
құрал-жабдықтар, ұйымдастыру техникасын және басқа құралдарды сатып алу;

ҚР АШМ облыстық, қалалық, аудандық аумақтық басқармаларын және
өсімдік карантині бойынша шекаралық бекеттерін 200 бірлік санында
мемлекеттік инспекторлармен толықтыру;

тыйым салынған және жарамсыз пестицидтерді, сондай-ақ пайдаланылмаған
пестицидтердің ыдысын көму үшін арнайы сақтау қоймаларын (көмбелер) салу.

Ветеринариялық-санитариялық қауіпсіздік саласындағы шаралар:

арнайы сауықтырудың, емдеу препараттарының және жоғары сезімділікті
диагностикалық тесттердің жаңа құралдарын енгізу;

эпизоотиялық ошақтарды зерттеу және оларға эпидемияға қарсы және
эпизоотияға қарсы іс-шаралар жүргізу;

бәсекеге қабілетті ветеринарлық препараттар өндіру және халықаралық
талаптарға сәйкес олардың сапасын бақылау мақсатында ветеринарлық
препараттарды сертификаттау және стандарттау жөнінде мемлекеттік
ғылыми-бақылау орталығын құру;

ветеринарлық зертханаларды халықаралық талаптарға және ДСҰ СФС
шараларына сәйкес материалдық-техникалық қайта жарақтау;

ветеринария саласындағы нормативтік-құқықтық актілерді халықаралық
стандарттарға, басшылықтар мен ұсынымдарға сәйкес үйлестіру;

ауылдық округтерді арнайы мал сою пунктерімен (алаңдарымен) және мал
көмбелермен қамтамасыз ету;

ауыл шаруашылығы малдарын ұстауда зоогигиеналық және
ветеринарлық-санитарлық талаптарды сақтау;

материалдық-техникалық базаны және шекарадағы және көліктегі
ветеринариялық-бақылау бекеттерін жақсарту;

АӨК қайта өңдеу салаларында өндірістік бақылау бөлімшелерін құру арқылы
мал шаруашылығы өнімдері мен шикізаттарының ветеринарлық-санитарлық
қауіпсіздігін қамтамасыз ету;

ветеринария саласындағы кәсіпкерлік субъектілері көрсететін ауыл
шаруашылығы малдарын диспансерлеу, бірдейлендіру және басқа

ветеринариялық өңдеу бойынша ветеринариялық қызметті кеңейту;
ветеринариялық зертханалардың мамандарын оқытуды және біліктілігін
көтеруді қамтамасыз ету;

ветеринария саласындағы заңнамаларды халықаралық стандарттарға,
нормалар мен ережелерге үндестіру және халықаралық стандарттарға сәйкес
жаңа диагностикалық тест-жүйесін енгізу;

Қазақстан Республикасы аумағына басқа мемлекеттерден малдың аса қауіпті
және экзотикалық ауруларының кіруіне тойтарыс беру.

Күтілетін нәтижелер:

фитосанитариялық ахуал туралы толық және шынайы ақпарат;
аса қауіпті зиянды организмдер мен карантиндік объектілердің жаппай
тарауынан қорғау жүйесін құру;

ауыл шаруашылығы дақылдарының астығын сақтау;
елдің фитосанитариялық қауіпсіздігі және қолайлылығы;
республиканың эпизоотиялық қолайлылығы, ветеринарлық зертханалар және
шекарадағы және көліктегі ветеринарлық-бақылау бекеттерінде малдың аса
қауіпті ауруларының кіруіне және таралуына тойтарыс беретін қазіргі заманғы
материалдық-техникалық базасының болуы;

ветеринария саласындағы заңнамалардың халықаралық стандарттарға,
нормалар мен ережелерге үйлестірілуі және халықаралық стандарттарға сәйкес
жаңа диагностикалық тест-жүйесін енгізілуі;

ауыл шаруашылығы малдарының ауруы мен өлуінің азаюы;
ветеринариялық қызмет дамуы;
отандық ауыл шаруашылығы өнімдерінің техникалық кедергілерден тәуелсіз
с а т ы л у ы ;

отандық ауыл шаруашылығы өнімдерінің бәсекеге қабілеттілік деңгейін өсіру

Параграф 4.2. Ауыл шаруашылығы өнімдерін әзірлеу жүйесі

М ә с е л е л е р :

ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілер мен шикізатты өңдеушілердің
арасындағы өзара іс-әрекеттерінің жеткіліксіз дамуы;

ауыл шаруашылығы өнімдерінің өндірістің ұсақ тауарлы болуына
байланысты сапасы төмендігі;

ауыл шаруашылығы өнімдерін сақтау, әзірлеу және алғашқы қайта өңдеудің
өлсіз инфрақұрылымы;

шикізатты жеткізуде көлік шығындарының жоғары болуы, соның
нәтижесінде шалғай елді мекендердегі ауыл шаруашылығы шикізаттары қажет

етілмейді ;

ауыл шаруашылығы құрылымдары мен үй шаруашылықтарының сауда орындарына тікелей кіре алмауы ;
делдалдар мен алып-сатарлардың басым бөлігі көлеңкелі түрде жұмыс істейді ;

қолданыстағы жеміс-көкөніс сақтау қоймаларының сыйымдылығын пайдалану коэффициентінің төмендігі ;

шикізат сатып алу үшін айналымдағы қаражаттың жеткіліксіздігі, банк кредиттерінің қымбаттылығы ;

ауыл шаруашылығы шикізатын қайта өңдеуші кәсіпорындар үшін салық жүктемесі деңгейі жоғары, атап айтқанда қосылған құн салығына ;
ауыл шаруашылығы өнімдеріне бағаның жыл ішіндегі теңгерілмегендігі.

М і н д е т т е р :

қайта өңдеу кәсіпорындарын сапалы шикізатпен қамтамасыз ету ;
ауыл шаруашылығы өнімдерінің делдалдарының санын азайту және оны дайындау, сақтау, тасу және сату шығындарын оңтайландыру ;
ауылды жерлердегі жұмыссыздық деңгейін төмендету және ауыл тұрғындарының табысын ұлғайту .

Ш а р а л а р :

ауылдық тұтыну кооперативтерін, шаруашылық серіктестіктерін, акционерлік қоғамдарды, ауыл шаруашылығы өнімін бірлесіп өндіру, даярлау, сақтау, қайта өңдеу, өткізу, тасымалдау жөніндегі өндірістік кооперативтерді, ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерді тауарлық-материалдық құндылықтармен жабдықтау, сондай-ақ арнайы техникамен, тоңазытқыш және арнайы жабдықтармен жарақтандырылған басқа да қызметтер көрсету бойынша жеңілдікпен кредит беру арқылы ауыл шаруашылығы құрылымдарын біріктіруді ы н т а л а н д ы р у ;

өнімдердің тауарлық партиясын құру, сорттау және сатуды тиімді жағдайлармен қамтамасыз ету, өнімді өсіру және өткізу мәселелері бойынша кооператив мүшелеріне кеңес беру, маркетингтік ақпарат беру ;

коммерциялық және коммерциялық емес негізде шикізатты өндірушілер мен қайта өңдеушілердің ауыл шаруашылығы өнімін өткізудегі, сақтаудағы, қайта өңдеудегі, тасымалдаудағы, тауарлық-материалдық құндылықтармен жабдықтаудағы қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін олардың мүддесін о р т а қ т а с т ы р у ;

мал сою, дайындау, мал шаруашылығы өнімдерін алғашқы қайта өңдеу және сақтау үшін арнайы құрал-жабдықтары бар өндірістік базалар желісін дамыту ;

сату-сатып алу ұйымдары мен қайта өңдеу кәсіпорындары үшін қосымша құн салығы бойынша салық жүктемесін төмендету ;

жеміс-көкөніс өнімдері аудандарында қолдағы жеміс-көкөніс сақтау қоймаларын және баздарын барынша іске қосу және оларды салу; ауыл шаруашылығы өнімдерін ары қарай қайта өңдеу үшін тасымал бойынша шығынның бөлігін субсидиялауды жүргізу.

Күтілетін нәтижелер:

ауыл шаруашылығы өнімдерін сатып алу рыногында бәсекелес орта құру; ауыл шаруашылығы өнімдерінің бөлшектік бағасын бір мезгілде төмендету жағдайында ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің кірістерін көбейтуге мүмкіндік беретін делдалдар мен алып-сатарлардың санын азайту; өнімді дайындау, сақтау, тасу және сату шығындарын барынша азайту; ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу кәсіпорындарының жұмыспен қамтылу қуатын ұлғайту; маусым аралық кезеңде ауыл шаруашылығы өнімдеріне бағаны тұрақтандыру;

ауыл шаруашылығы өнімдерінің және оның қайта өңдеу өнімдерінің сапасын көтеру.

Ескерту. 4.2-параграфқа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2007.10.05. N 908 Қаулысымен.

Параграф 4.3. АӨК өнімдерін көтерме саудада сату

Негізгі проблемалар:

барынша пайда табу мақсатында бағаларға жасанды айла-шарғы жасайтын делдалдар мен алып-сатарлардың санының көптігі, олар көлеңкелі алаңда жұмыс істейді, салықтар төлемейді, ол сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылығының дамуына қолайлы алғышарт туғызады;

бағалық жасырын келісімдер фактілерін жоюдың және болдырмаудың нақты құқықтық тетіктерінің жоқтығы;

азаматтардың жеке ауласындағы ет-сүт және жеміс-көкөніс өнімдерін коммуналдық базарларға тікелей жеткізуінің әлсіз инфрақұрылымы "өндірушіден сату орнына дейін делдалсыз" қағидасын іске асыруға ықпал етпейді;

көптеген өңірлерде коммуналдық базарларда сату орны үшін төлеу құнының жоғарылығы, ол сатылатын өнімнің бағасын арттырады;

коммуналдық базарлардың халық жиі орналасқан аудандардан алыстығы; тасымал қиындықтарына байланысты ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілердің үздіксіз жеткізу жүйесінің жоқтығы;

ауыл шаруашылығы өнімдерін сатып алу мен сатуды жүзеге асыруға арналған коммуналдық сату-сатып алу кәсіпорындарының жоқтығы;

республикада коммуналдық базарлар құру бөлігінде заң және нормативтік базаның жетілдірілмегендігі;

көтерме сауданы кең көлемде ұйымдастыру тәжірибесінің, жаңа міндеттер мен талаптарға толық жауап бере алатын көтерме сауданың инфрақұрылымының, тиісті кадрлар мен қазіргі заманғы биржалық және құралдардың жоқтығы; тауар биржаларында кредиттік келісім-шарт және опциондарды айналымға салудың жеткіліксіздігі, ол қауіпті басқару және бағаны болжау жүйесін құруға кедергі келтіреді;

Қазақстан Республикасының қолданыстағы "Тауарлық биржалар туралы" Заңының өзгерген экономикалық жағдайларға сәйкессіздігі және оның көптеген баптарының кейін қабылданған заң актілеріне қайшы келуі.

М і н д е т т е р :

ауыл шаруашылығы өнімін көтерме сауданың өркениетті тетіктерін қалыптастыру есебінен сатуды өсіру;

ауыл шаруашылығы өндірушілерінің көтерме сауда алаңдарына қол жетімділігін арттыру;

делдалдар санын қысқарту есебінен инфляциялық процестерге тұрақты ықпал ету.

Ш а р а л а р :

ауыл шаруашылығы өнімдерін дайындау және сақтау үшін қажетті инфрақұрылымдар құру және қалпына келтіру;

ауыл шаруашылығы өнімдерінің көтерме (коммуналдық) рыноктарын (бұдан әрі - АШӨКР) жергілікті бюджеттерден АШӨКР жарғылық капиталын құруға қаражат бөлу жолымен ынталандыру, АШӨКР инфрақұрылымдарын жеңілдікпен кредиттеу, олардың қызметіне құнды реттеу;

тұрақты шикізат базасын қамтамасыз ету үшін АШӨКР өңірлік тауар өндірушілермен байланысын орнықтыруға ықпал ету;

"солтүстік-оңтүстік" принципі бойынша биржа алаңдарының қызметін атқаратын көтерме-бөлшек сауда базарларын ұйымдастыру;

көтерме сауда ұйымдарының ауыл шаруашылығы өнімдерін сатып алудың алдын ала шарт жасасуы жүйесін дамыту;

қолданыстағы нормативтік құқықтық базаға өзгерістер мен толықтырулар енгізу, сондай-ақ олардың қызметін құру мен реттеуге және мөлдір баға құруды қамтамасыз ететін (күн сайынғы аукциондар өткізу және т.б.) АШӨКР көтерме сауданы ұйымдастырудың нормативтік құқықтық актілерін, үлгілі ережелерін әзірлеу;

АШӨКР құрудың мақсатқа сайлығы негіздемесін зерттеу және әзірлеу, сондай-ақ республиканың оларды құру қажетті өңірлерін анықтау; тауарлық биржалар туралы заңнаманы жетілдіру;

онлайн режимінде ауыл шаруашылығы өнімдерінің электрондық саудасын
д а м ы т у .

Күтілетін нәтижелер:

делдалдар мен алып-сатарлардың санын азайту, бұл ауыл шаруашылығы өнімдерінің бөлшектік бағасын бір мезгілде төмендету жағдайында ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің кірістерін көбейтуге мүмкіндік береді;

өндірілген ауыл шаруашылығы өнімдерін тиімді өткізу үшін жағдай туғызу;

импорттық тауарлардың рынокқа қысым жасауын төмендету және ауыл шаруашылығы өндірушілерінің әлемдік экспорттық рынокқа шығуына мүмкіндік
б е р у ;

республиканың негізгі өңірлерінде және дамыған коммуникациялық желілері және көлік қатынастары бар, Ресей, Қырғызстан және басқа елдермен шекаралық сауда жүргізе алу мүмкіндігі бар барлық облыс орталықтарында ауыл шаруашылығы өнімдерінің ірі көтерме рыноктарын ұйымдастыру;

биржалық тетік негізінде ұйымдасқан тауарлық рынокты құру;
экономиканың көлеңкелі секторын қысқарту.

Параграф 4.4. АӨК қаржылық және сақтандыру инфрақұрылымдары

Ауыл шаруашылығы өндірісіне ауылдық кредит серіктестіктері жүйесі (АКС) арқылы кредит беру және ауыл шаруашылығына жатпайтын бизнесті дамыту

М ә с е л е л е р :

кредиттік қаражатқа қажеттіліктің тұрақты өсуі аясында ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерді жеңілдікті кредит қаражаттарымен қамтамасыз ету бойынша аудандарды толық қамтымау;

егіс және егін жинау жұмыстарын жүргізу үшін айналым қаражатын сатып алудың ыдыраңқылығына байланысты ауыл шаруашылығы өндірісінің рентабельділігінің төмендеуі және шығынның ұлғаюы;

ауылда ауыл шаруашылығына жатпайтын бизнес инфрақұрылымының ж е т к і л і к с і з да м у ы ;

ауылдағы агро- және ауыл шаруашылығына жатпайтын бизнеске кредит берудің балама нысандарының жеткіліксіздігі;

ауыл халқының ауылда жеке бизнесін ұйымдастыруға білімінің жеткіліксіздігі және қаражаттың жоқтығы.

М і н д е т т е р :

ауылдағы кәсіпкерлік белсенділікті арттыру;

ауылда ауыл шаруашылығына жатпайтын бизнесті дамыту;

жеңілдікті кредит ресурстарымен ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерді
к е ң қ а м т у .

Ш а р а л а р :

ауылдық кредиттік серіктестіктер желісін кеңейту және оларға кредит беру үшін "Аграрлық несие корпорациясы" АҚ кредиттік ресурстарын ұлғайту; ұсақ ауыл шаруашылығы құрылымдарын орта және ірі кәсіпорындарға құру жолымен өндіріс жүргізудің тиімділігін арттыру және оларға жеңілдікті кредит ресурстарын беру ;

ауылдық кредит серіктестіктерінің қаржылық жағдайына жедел және тұрақты бақылауды жүзеге асыру ;

ауыл халқына және АӨК субъектілеріне мемлекеттік ипотека және тұтыну кредиттерін енгізу ;

кредиттік саясатты жүргізу және ауылдық кредит серіктестіктерінің қызметін басқаруды жүргізу бойынша ақпараттық жүйені әзірлеу және енгізу;

ауыл халқының өмір сүру деңгейін арттыру үшін жағдай жасау және ауыл шаруашылығына жатпайтын бизнесті дамытуға кредиттік ресурс беру жолымен еңбекпен қамтуды қамтамасыз ету.

Күтілетін нәтижелер:

АҚС санын олардың санына деген қажеттілікті қанағаттандыруға дейін өсіру;

жеңілдікті кредит ресурстарымен ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерді қамтуды ұлғайту ;

ауылдық инфрақұрылымдарды дамыту (сервис орталықтары, дайындау пункттері, ауыл шаруашылығы өнімін алғашқы қайта өңдеу, ауылдық сауда пункттерін кеңейту және т.б.);

қосымша жұмыс орындарын құру арқылы ауыл халқының еңбекпен қамтылуын қамтамасыз ету.

Астық қолхаттары жүйесі

М ә с е л е л е р :

астықты сақтау шарттары бойынша азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандырудың тиімсіз жүйесі;

астық қолхаттары бойынша міндеттемелерді орындауға кепілдік берудің баламалы қорларының жоқтығы;

астық қолхаттары бойынша міндеттемелерді орындауға кепілдік беру жүйесінің капиталының жеткіліксіздігі.

М і н д е т т е р :

астық қолхаттары жүйесін дамыту жолымен ауыл шаруашылығына инвестиция және кредиттік ресурстарды тарту.

Ш а р а л а р :

"ҚазАгроКепіл" АҚ жарғылық капиталын, астық қолхаттары бойынша кепілдік беру көлемін ұлғайту және ауыл шаруашылығы өнімдерінің басқа

түрлеріне осы схеманы қолдануды кеңейту.

Күтілетін нәтижелер:

ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерді астық қолхаттары кепілімен кредиттеу көлемін астықты өндіруді жеке инвестициялар есебінен қаржыландыру үшін қажетті деңгейге дейін ұлғайту;

ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерді қазақстандық банктермен "арзан" қаржыландыру және астық қолхаттарына кепілдік беру есебінен шетелдік қаржы институттары желісі бойынша қол жетімділігі.

Ауылдық шағын кредит беру

Мәселелер:

жеке тұлғаларда ауылда жекеменшік бизнесін ашуға қаражатының жоқтығы;
ауыл халқының ауылда жеке бизнесін ұйымдастыруға және жүргізуге білімінің жеткіліксіздігі;

ауыл халқын кәсіпкерліктің негізіне үйрету жүйесінің жоқтығы.

Міндеттер:

ауыл халқына қол жетімді кредит беру жүйесін қалыптастыру негізінде кәсіпкерлік белсенділікті дамыту.

Шаралар:

ауыл халқына шағын кредит беруді ұйымдастыруға мемлекеттік қаржы бөлу көлемін ұлғайту;

ауылда шағын кредит беру желісін дамыту;
экономикалық белсенді ауыл халқының қаржы-кредит ресурстарына қол жетімділігін жеңілдету;

ауыл халқын кәсіпкерліктің негізіне үйрету семинарларын өткізу.

Күтілетін нәтижелер:

шағын кредит берудің тұрақты және тиімді қызмет жүйесін қалыптастыру;
ауыл халқының кәсіпкерлік белсенділігін жақсарту есебінен ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру және қайта өңдеу көлемін өсіру және ауылда экономикалық қызмет саласын кеңейту;

ауыл халқын кәсіпкерлік қызметке тарту жолымен ауылдағы кедейлік деңгейін төмендету және еңбекпен қамтуды қамтамасыз ету.

Ауыл шаруашылығын сақтандыру

Мәселелер:

ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің жеке сақтандыру компанияларына сенбеуі;

ауыл шаруашылығы қатерін сақтандыру мәдениетінің төмендігі;
міндетті сақтандыру туралы заңнама талаптарын сақтандыру рыногына қатысушылардың сақтамауы;

ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің сақтандыру компанияларынан

а л ы с т ы ғ ы ;

гидрометеостанциялардың (бекеттердің) жеткіліксіз желісі;
қолданыстағы заңнамадағы міндетті сақтандыру тетіктерінің жеке
ережелерінің реттелмегендігі.

М і н д е т т е р :

сақтандырудың түрлі схемаларын пайдалануға негізделген ауыл
шаруашылығы өндірісін сақтандырудың тиімді жүйесін құру.

Ш а р а л а р :

"Өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыру туралы" Заңға өзгерістер
е н г і з у ;

метеостанциялардың (бекеттердің) санын ұлғайту;

"Өзара сақтандыру қоғамдары туралы" заң жобасын әзірлеу және ауылды
жерде мемлекеттің қатысуымен өзара сақтандыру қоғамдарын құру.

К ү т і л е т і н н ә т и ж е л е р :

инвестициялау кезінде қауіпті азайтудың кепілді факторы болып табылатын
ауыл шаруашылығын сақтандырудың тиімді жүйесін құру;

халықтың сақтандыру рыногына сенімі;

мемлекеттің қатысуымен пилоттық өзара сақтандыру қоғамдарын құру.

**Ескерту. 4.4-параграфқа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2007.10.05. N 908 ,
2008.04.04 N 318 Қаулыларымен.**

Параграф 4.5. Ақпараттық-маркетингтік қамтамасыз ету

М ә с е л е л е р :

агроөнеркәсіп субъектілері мен ақпараттық-консультативтік қамтамасыз ету
жүйесіне қатысушылардың өзара іс-қимыл тетіктерінің жетілдірілмегендігі;

агроөнеркәсіп кешені субъектілері үшін ақпараттық қамтамасыз ету,
оқытатын және консультация беретін қызметтер көрсетудің жеткіліксіздігі;

аграрлық секторға ақпараттық-маркетингтік және консалтингтік қызмет
көрсететін компаниялардың қызметтері тар бағытты, ақпаратпен жеткіліксіз
қамтамасыз етілген және өңірлік желілері жоқ;

бірыңғай ақпараттық жүйенің, мәліметтер базасының жоқтығы,
республиканың аса кең аумағы, "Қазагромаркетинг" АҚ өңірлік бөлімшелерінің
шалғайлығы және ауылды жерлерде ақпараттық технологияның жеткіліксіз
дамуы ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің "Қазагромаркетинг" АҚ дер
кезінде ақпарат алуын қиындатады.

М і н д е т т е р :

ақпараттық-маркетингтік қызметке қол жетімділікті кеңейту және
агроөнеркәсіп кешені субъектілерінің ақпараттық деңгейін көтеру жолымен

агробизнесінің қызмет ету тиімділігін қамтамасыз ету.

Ш а р а л а р :

агроөнеркәсіп кешенінің ақпараттық-маркетингтік жүйесін дамытуды реттейтін нормативтік құқықтық акті қабылдау;

ауылдық ақпараттық-консультациялық орталықтар базасында агробизнес жүргізудің негіздері бойынша оқыту семинарларын тұрақты өткізуді қамтамасыз е т у ;

агроөнеркәсіп кешенін ақпараттық-маркетингтік қамтамасыз ету бойынша мемлекеттік қолдау аясында өтеусіз берілетін "Қазагромаркетинг" АҚ ақпараттық-консультативтік орталықтарының желісі арқылы агроөнеркәсіп кешені субъектілеріне берілетін ақпараттар мен қызмет тізбесін кеңейту;

агроөнеркәсіп кешенінің ақпараттық-маркетингтік жүйесінде "E-Agriculture" агроөнеркәсіптік кешеннің салаларын басқарудың бір автоматтандырылған жүйесін құру, ауыл шаруашылығы өнімдерінің онлайн режиміндегі электрондық к о м м е р ц и я ж ү й е с і н құру ;

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің ақпараттық-маркетингтік жүйесін пилоттық жоба аясында ауылдық округтер деңгейіне дейін дамыту ;

өңірлік көрме-жәрмеңкелер іс-шараларын ұйымдастыру және өткізу.

К ү т і л е т і н н ә т и ж е л е р :

аграрлық рынокқа қатысушылардың шынайы ақпарат алмасуын және тығыз өзара іс-әрекеттерін қамтамасыз ету;

агроөнеркәсіптік кешен субъектілерінің ақпараттық деңгейін көтеру; ауылдық жерлерде ақпараттық инфрақұрылымды жақсарту, жалпы алғанда ақпараттық және консалтингтік рыноктың ауылда дамуына қолайлы жағдай туғызатын, оның материалдық-техникалық базасын нығайту;

кәсіпкерлік құрылымдар арасындағы өзара тиімді қарым-қатынастың дамуына, ТМД және басқа елдердегі әріптестермен іскерлік байланыс орнауына ықпал ету жүйесін ұйымдастыру.

Параграф 4.6. АӨК саласын ғылыми және кадрлық қамтамасыз ету

М ә с е л е л е р :

ғылыми-техникалық салада нормативтік құқықтық базаның жетілмегендігі;

ауыл шаруашылығы ғылымдарын (ауыл шаруашылығының жалпы ішкі өнімінің 0,24 %), және кадр дайындауды республикалық және жергілікті бюджеттерден қаржыландыру деңгейінің жеткіліксіздігі;

шектеулі қаржы қаражаттарының негізсіз кеңейтілген ғылыми бағыттарға б ө л і н у і ;

агроөнеркәсіп кешені салаларының дамуын анықтаушы мамандықтар бойынша кадрлар дайындауды жүзеге асыратын ғылыми-зерттеу ұйымдарының және оқу орындарының материалдық-техникалық базаларының жеткіліксіздігі;

аграрлық бағыттағы ғылыми мекемелердің инновациялық қызметтерінің төмен деңгейі және ғылым жетістіктерін өндіріске енгізудің оперативтік және тиімді икемді тетіктерінің жоқтығы;

аграрлық секторда ғылыми-консультациялық қызметтер көрсетудің ақпарат-сервис жүйесінің жетілмегендігі;

агроөнеркәсіп кешені салалары бойынша ғылыми-техникалық қазіргі заманғы әдебиеттерге мемлекеттік органдардың қол жетімділігінің жеткіліксіздігі;

аграрлық сектор үшін кадрлардың болуына және қажеттігіне жүйелі мониторинг болмауынан еңбек рыногында сұраныс пен ұсыныс арасында біліктілік-кәсіптік теңсіздіктің болуы, сондай-ақ ауыл шаруашылығы құрылымдары мен білім беру ұйымдарының арасында әлеуметтік әріптестікті салықтық ынталандыру тетіктерінің болмауы;

аграрлық сектор үшін мамандықтар бойынша кадрлар дайындаушы білім беру ұйымдарын бітірушілердің өндірістік-технологиялық тәжірибесінің жеткіліксіз болуы салдарынан олардың тәжірибелік дайындығының деңгейі төмен болуы ;

мамандарды жұмысқа орналастыру деңгейінің төмендігі;

білім, ғылым және өндіріс арасындағы ықпалдастықтың нашарлығы;

ғылыми-зерттеу тәжірибелік-конструкторлық жүргізу үшін жұмыс жүргізу үшін шарттардың халықаралық стандарттарға сәйкес келмеуі;

ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды ақпараттық-библиографиялық қамтамасыз ету жүйесінің жеткіліксіз дамуы;

аграрлық бейіндегі ғылыми-зерттеу ұйымдары мен жоғары оқу орындарын білікті ғылыми кадрлармен жеткіліксіз қамтамасыз етілуі, ғылыми кадрлардың қартаю үрдісі ;

ғалымдардың жеткіліксіз әлеуметтік қорғалуы.

М і н д е т т е р :

АӨК салаларының тұрақты дамуына аграрлық ғылым үлесін арттыру, ғылыми жетістіктерді экономикалық айналымға енгізуді жеделдету, ғылыми зерттеулердің нәтижелілігін арттыру, инновациялық еңбектерді ынталандыру;

ғылыми еңбектерді коммерциялаудың тиімді инфрақұрылымдары негізінде аграрлық ғылымның беделін көтеру.

Ш а р а л а р :

ғылым, санаткерлік меншікті қорғау, ғылыми-зерттеу жетістіктерін экономикалық айналымға енгізу, инновациялық қызметті, халықаралық ынтымақтастықты дамыту саласында нормативтік құқықтық базаны жетілдіру;

ғылыми зерттеулерді қаржыландырудың тетіктерін жетілдіру және көздерін молайту, ғылыми зерттеулердің басым бағыттарын анықтау және қаржылық, материалдық және еңбек ресурстарын бөлу жүйесін жетілдіру үшін ұйымдық және экономикалық шаралар қолдану; зерттеулерді аграрлық өнеркәсіп өндірісінің басым бағыттарында шоғырландыру;

аграрлық зерттеулерді дамыған елдердің деңгейіне жақындатып оларды қаржыландыруды кезең-кезеңмен жақсарту (2015 жылы бюджет қаражатын ауыл шаруашылығы ішкі жалпы өнімінің 2,5 % деңгейіне жеткізу); жеке меншік инвестицияларды, даму институттарының қаржысын, халықаралық ұйымдар г р а н т т а р ы н т а р т у ;

ғылыми-зерттеу мекемелері мен білім беру ұйымдарының материалдық-техникалық базасын ары қарай жаңғырту;

ғылыми әзірлемелерді өндіріске енгізу жүйесін және тетіктерін жасау; агроөнеркәсіп кешені саласында ғылыми және инновациялық инфрақұрылымның (технопарктердің, ғылым-білім орталықтарының және т.б.) қазіргі заманғы элементтерін құру және қызметін қолдау;

аграрлық ғылымдар саласындағы ғалымдар мен мамандарды материалды ж ә н е м о р а л ь д ы қ о л д а у ;

Ауыл шаруашылығы министрлігі жанынан ғылыми-техникалық кітапхана а ш у ;

агроөнеркәсіп кешені салаларының дамуын қамтамасыз ететін білікті жұмысшылар мен мамандардың еңбек рыногындағы қажеттілігіне тұрақты м о н и т о р и н г ;

агроөнеркәсіп кешені салаларының дамуын қамтамасыз ететін мамандықтар бойынша оқу орындарын мемлекеттік бюджет есебінен бітіргендердің жұмысқа орналасуына тұрақты мониторинг;

агроөнеркәсіп кешенінің дамуын және еңбек рыногының қажеттіктерін ескеріп, мамандықтардың мемлекеттік классификаторларын жетілдіру;

республикалық және жергілікті бюджеттерден мемлекеттік гранттар мен кредиттердің есебінен кадрлар даярлаудың қажетті көлемін енгізу;

студенттер оқыту бойынша шаруашылық жүргізуші субъектілерді ынталандырудың тетіктерін әзірлеп енгізу;

алдыңғы қатарлы ауыл шаруашылығы құрылымдары базасындағы шарттарға сәйкес студенттердің өндірістік тәжірибесін ұйымдастыру;

кәсіптік білім берудегі мемлекеттік жалпы білім беру стандарттарын, агроөнеркәсіп кешені салаларының мамандықтары бойынша оқу бағдарламасын және жоспарларын, оқулықтар мен оқу-әдістемеліктерін және оларды ауыл шаруашылығы саласындағы уәкілетті органмен келістіру тәртібін енгізу;

агроөнеркәсіптік кешен саласы үшін білікті жұмысшы кадрларын және

техникалық мамандарын және қызмет көрсету жұмыстары үшін кәсіптік мектептер (лицейлер), колледждер желісін кеңейту;

оқу мекемелерін бітірушілерді, бірінші кезекте бюджет қаражаты есебінен оқығандарды мамандықтары бойынша жұмысқа орналастыру бойынша қажетті шаралар қолдану (тұрғын үй сатып алуға, жеке меншік қосалқы шаруашылық ашуға және т.б. жеңілдіктер беру);

аграрлық жоғары оқу орындарының профессор-оқытушылар құрамының және ауылдық кәсіптік мектептердің (лицейлер) инженерлік-педагогтық кадрларының шет елдік жетекші ғылыми орталықтарда және оқу орындарында біліктілігін жетілдіру және тағылымдамадан өткізу;

жоғары оқу орындары және ғылыми-зерттеу ұйымдары негізінде агроөнеркәсіптік кешен кадрларын қайта даярлау және біліктілігін жетілдіру жүйесін жетілдіру.

Күтілетін нәтижелер:

агроөнеркәсіптік кешенін тұрақты дамытудың негізгі факторларының бірі ретінде аграрлық ғылымның қалыптасуы;

білім, ғылым және өндіріс арасындағы тығыз ықпалдастық; ғылыми зерттеулерге қаражатты тұтас пайдалану, бюджеттік қаржыландыруды оңтайландыру, жекеменшік инвестициялар тарту, ғылыми әзірлемелерді коммерцияландыру арқылы ғылыми ұйымдардың қаржылық тұрақтылығын нығайту;

ғылыми зерттеулердің бағдарламаларын агроөнеркәсіп кешенінің басымдықтарына және әлемдік ғылымның даму тенденцияларына сәйкес қалыптастыру және іске асыру;

материалдық-техникалық базаның жаңарту кезінде ғылыми және білім беру процестерінің нәтижелілігі мен тиімділігін арттыру;

аграрлық секторда ғылыми-консультациялық қызметтер көрсетудің тиімді ақпарат-сервис жүйесін құру;

ғылыми-зерттеу ұйымдары, оқу орындары мен әртүрлі меншік түрлеріндегі ауыл шаруашылығы құрылымдарының өзара тиімді ынтымақтастығының тетігін жасау;

агроөнеркәсіп кешені салаларын, аграрлық бағыттағы ғылыми ұйымдар мен оқу мекемелерін бәсекеге қабілетті, жоғары білікті, кәсіби міндеттерін дербес және творчестволық тұрғыдан шешетін кадрлармен қамтамасыз ету;

агроөнеркәсіп кешені кадрларын қайта даярлау және біліктілігін арттыру жүйесін жетілдіру.

Ескерту. 4.6-параграфқа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2007.10.05. N 908 Қаулысымен.

Параграф 4.7. Қызмет көрсету инфрақұрылымдарын және өнімдердің қауіпсіздігі мен сапасын бағалау жүйелерін дамыту жөніндегі іс-шараларды қаржылық қамтамасыз ету

25-кесте. Қаржылық қамтамасыз ету*
млн. теңге

	Іс-шаралар	2 0 0 6 жыл	2 0 0 7 жыл	2 0 0 8 жыл
1	2	3	4	5
1.	"Республикалық фитосанитарлық диагностика және болжам " ММ мониторинг қызметін беруді көздей отырып, аса қауіпті зиянды организмдердің дамуы мен таралуына мониторинг жүргізу	554,5	775,4	720,4
2.	Аса қауіпті зиянды организмдермен күрес жүргізу	2295,9	2595,1	2589,8
3.	Карантиндік зиянкестердің, өсімдік ауруларының, арамшөптердің таралу ошақтарын табу, окшаулау және жою іс-шараларын жүргізу	740,2	917,0	917,0
4.	Өсімдік карантині бойынша мемлекеттік инспекторлардың штаттық санын 200 бірлікке көбейту жөнінде ұсыныс енгізу және АШМ өсімдік карантині бойынша басқарма құру	-	120,0	120,0
5.	Карантинге жатқызылатын өнімдерде карантиндік объектілердің барлығына зертханалық сараптама жүргізу, егу және отырғызу материалдарындағы жасырын жұқпалыларды табу	39,7	76,1	95,7
6.	Тұқымдар мен гербицидтерді уландыруды арзандату	665,0	665,0	665,0
7.	Ауыл шаруашылығы дақылдарының сыналатын сорттарының сапасын бағалау жөніндегі зертхананы жарақтандыру	-		520,0
8.	АШМ "Ауыл шаруашылығы дақылдарын сорықтық сынау жөніндегі мемлекеттік комиссия" ММ Астана қаласына көшіру	-	3,1	-
9.	Өсімдіктердің генетикалық түрлері өзгерген объектілерге қатыстылығын анықтау жөніндегі зертхана құру	-	500,5	500,5
10.	Ветеринариядағы мониторинг, референция, зертханалық диагностика және әдістемелік ұлттық орталық ұйымдастыру	97,8	174,2	182,3
11.	Мал және құстардың ауруларын диагностикалау бойынша іс-шараларды орындау	1506,5	2838,1	3309,2
12.	Ауыл шаруашылығы малдары мен құстарының аса қауіпті ауруларымен күрес жөніндегі эпизоотияға қарсы іс-шараларды ұйымдастыру	3218,0	8434,4	8273,7
13.	Малдар мен құстардың аса жұқпалы ауруларының ошақтарын жою	172,5	190,1	193,3
14.	Республиканың ветеринарлық зертханасын ғимараттар мен құрылыстардың халықаралық стандарттарына сәйкестендіру	-	450,4	8816,3

15.	Ауылдық тұтыну кооперативтеріне, шаруашылық серіктестіктеріне, акционерлік қоғамдарға, ауыл шаруашылығы өнімін бірлесіп өндіру, даярлау, сақтау, қайта өңдеу, өткізу, тасымалдау, сондай-ақ басқа да қызметтер көрсету жөніндегі өндірістік кооперативтерге жеңілдікпен кредит беру жолымен ауыл шаруашылығы құрылымдарын біріктіруді ынталандыру	3541,5	3500,0	3500,0
16.	Ауылдық кредиттік серіктестіктер желісін кеңейту және " Аграрлық несие корпорациясы" АҚ жарғылық капиталын ұлғайту арқылы оларға кредит беру	5400,0	9860	5638,0
17.	Ауылда ауыл шаруашылығына жатпайтын бизнесті дамыту	-	1700,0	2200,0
18.	Астық қолхаттары бойынша кепілдік беру көлемін ұлғайту және ауыл шаруашылығы өнімдерінің басқа түрлеріне осы схеманы қолдануды кеңейту	800,0	1500,0	1500,0
19.	Ауыл халқына микрокредит беру жолымен ауылдық кәсіпкерлікті қолдау және ауыл халқының табыстылығын арттыру	2000,0	5000,0	8000,0
20.	Өзара сақтандыру қоғамдарын құруды ынталандыру	-	520,0	260,0
21.	Сақтандыру компанияларының қолайсыз табиғат жағдайы туған жағдайда ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге берілген сақтандыру төлемдерінің 50%-ын өтеуі	100,0	1000,0	1000,0
22.	"Ауыл шаруашылығын жекешелендіруден кейінгі қолдау" инвестициялық жобасының 2 кезеңін іске асыру	975,5	2328,1	4047,6
23.	"Ауыл шаруашылығы өнімдерінің бәсекеге қабілеттілігін арттыру" инвестициялық жобасын іске асыру	806,5	2490,5	3758,4
24.	Агроөнеркәсіп кешенінің ақпараттық-маркетингтік жүйесінде "Е-Agriculture" агроөнеркәсіптік кешеннің салаларын басқарудың бірыңғай автоматтандырылған жүйесін құру (ауылдық елді мекендердің мониторингі, бірдейлендіру, электрондық сату	-	377,7	602,5
25.	(алынып тасталды - 2007.10.05. N 908)			
26.	Ауылда ақпараттық инфрақұрылым-дарды дамыту мақсатында "Қазагроменаркетинг" АҚ материалдық-техникалық базасын нығайту	756,3	-	-
27.	АӨК дамыту саласында берілетін маркетингтік және ақпараттық өтеусіз берілетін қызметтер тізбесін субсидиялау	110,0	231,0	242,6
28.	Ғылыми терең негізді, ылғалқорсақтауды және экологиялық таза өндірістерді құруға бағытталған АӨК саласындағы ғылыми зерттеулерді жүргізу	2123,2	2660,4	2704,6
29.	(алынып тасталды - 2007.10.05. N 908)			

30.	(алынып тасталды - 2008.06.17 N 589 Қаулысымен)			
31.	Әлемдік генотиптерді сатып алу негізінде а/ш малдарының, құстары мен балықтарының жоғары бағалы генофондын дамыту	-	50,0	
32.	Өсімдіктер мен малдардың генетикалық ресурстарының Ұлттық қоймасын салу	243,6	0,349	500,0
33.	Аграрлық ғылымдар саласындағы ғалымдар мен мамандарды қолдау (А.И.Бараев атындағы сыйлық)	0,6	0,63	0,65
34.	(алынып тасталды - 2008.06.17 N 589 Қаулысымен)			
35.	(алынып тасталды - 2008.06.17 N 589 Қаулысымен)			
36.	Студенттер мен ҒЗҰ қызметкерлері үшін қазіргі заманғы оқу корпусарын, жатақханаларды және тұрғын үйлерді салу	94,1	274,7	207,5
	Барлығы	26241,4	49232,78	61065,05

*Іс-шараларды республикалық бюджеттен қаржыландыру бойынша ұсынылған қаражаттардың көлемдері және тиісті жылға республикалық бюджетті қалыптастырған кезде нақтылауға және түзетуге жатады

Ескерту. 4.7-параграфқа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2007.10.05 N 908 , 2008.06.17 N 589 Қаулыларымен.

Параграф 5. Қазақстанның Дүниежүзілік сауда ұйымына кіруі жағдайында агроөнеркәсіптік кешеннің бәсекеге қабілеттілігі

Параграф 5.1. Бәсекеге қабілеттігін көтеру - АӨК тұрақты дамуының факторы

М ә с е л е л е р :

ауыл шаруашылығы өнімінің бағасына ықпал ететін қолданыстағы мемлекеттік қолдаудың деңгейі ДСҰ рұқсат берген ең аз ұйғарындыдан 2,3 есе төмен (ауыл шаруашылығының жалпы өнімінен 5 %);

отандық өнімнің бәсекеге қабілеттігіне ықпал ететін АӨК мемлекеттік қолдау құрылымында өлшемнің үлесі төмен (дотация, субсидия) - 35 %, бұл уақытта ЕО ол 80 % жетеді ;

ауыл шаруашылығы өндірісін мемлекеттік бюджеттен қолдау деңгейі жеткіліксіз 1 га егістікке - 14,4 АҚШ доллары, бұл Канадаға (83 АҚШ доллары) қарағанда 6 есе аз, АҚШ-на (412 АҚШ доллары) қарағанда 30 есе аз, ЕО (1112 АҚШ доллары) қарағанда 77 есе аз;

ауыл шаруашылығы өндірісінің тиімділігі төмен (дәнді дақылдар мен дәнді ірі бұршақтылардың түсімділігі Қазақстанда 2,5 есе төмен, сүт сауу бойынша Канадаға қарағанда 3,9 есе төмен, ұқсас табиғи-климаттық жағдай бола тұра);

ауыл шаруашылығын техника-технологиялық қамтамасыз ету дәрежесі жеткіліксіз, бұл оның тиімділігін төмендетеді, жабдықтарды, технологияларды, шикізатты сатып алу үшін қол жетімді қаражат жеткіліксіз;

ауыл шаруашылығы өнімінің ИСО және ХАСПП қауіпсіздік пен сапасының халықаралық стандартына сәйкес келмеуі;

ИСО және ХАСПП сапа стандарттарын енгізу үшін қажетті білімнің болмауы ;

халықаралық СМЖ енгізудің нормативті-құқықтық және әдістемелік базасы нашар, сондай-ақ ИСО және ХАСПП стандарттар талаптарына сәйкес оны сертификаттау бойынша көрсетілетін қызмет құны жоғары;

сертификаттау жөніндегі отандық органдардың, ауыл шаруашылығы шикізатын қайта өңдеу жөніндегі кәсіпорындардың және тамақ өнеркәсібінің материалдық-техникалық жарақтануы төмен, осы салалар халықаралық талаптарға сәйкес емес, халықаралық стандарттар бойынша сертификаттау жұмыстардың жүргізу мүмкін емес;

қолданыстағы мемлекетаралық стандарттардың тамақ өніміне, стандарттау, метрология және сертификаттау жөнінде ТМД Мемлекетаралық кеңесінің талаптарына, тамақ кәсіпорындарының және ауыл шаруашылығы шикізатын қайта өңдейтін өнеркәсіптің қауіпсіздік нормалары мен сапа параметрларының халықаралық стандарттар бойынша жұмыста сәйкес еместігі;

Еуропа Одағының, ТМД елдерінің техникалық заңнамасына рұқсаттың б о л м а у ы ;

қолданыстағы халықаралық стандарттармен және жаңа стандарттарды үйлестіруді әзірлеу бойынша қызметтер құнының жоғарлығы (әр стандартқа 300 мыңнан 1,0 млн. теңгеге дейін);

салық салу жүйесі жетілдірілмеген;

сапа менеджменті жүйесін (СМЖ) енгізу, стандарттарды әзірлеу жөнінде, ДСҰ аясында төрелік процестерді жүргізу жөнінде білікті мамандар жеткіліксіз;

кедендік-тарифтік реттеу жүйесі жетілдірілмеген: тауарлардың аграрлық азық-түлік тобы бойынша орташа өлшенген импорттық тариф 12,2 % жуықты құрайды, бұл дүниежүзіндегі ең төмені, Болгарияда - 35 %, Қытайда - 15 %, Латвияда - 34 % құрайды;

референт лабораторияның болмауы, шикізат пен өнімнің қауіпсіздігі мен сапасын бақылайтын лабораториялардың материалдық-техникалық базасы е с к і р г е н .

М і н д е т т е р :

мемлекеттік қолдаудың деңгейін Дүниежүзілік сауда ұйымы ұсынған параметрлерге дейін барынша жеткізу;

АӨК отандық өнімінің бәсекеге қабілеттігін көтеруге мүмкіндік туғызатын

халықаралық талаптарға сәйкес өнімнің қауіпсіздігі мен сапасын қамтамасыз ету жүйесін құру ;

ауыл шаруашылығы өнімін қайта өңдейтін кәсіпорындарды жетілдіру қамтамасыз ету, және экономикалық әдістерді ынталандыру жолымен олардың өндірістік қуаттылығының жүктемесін арттыру.

Ш а р а л а р :

АӨК мемлекеттік қолдауды ұлғайтудың бар резервтерін қажетті тауар-материалдық ресурстарды арзандату бағдарламаларына бағыттау, агробизнесінің ауыл шаруашылығы инфрақұрылымын дамыту; материалдық-техникалық жарақтандыруды көтеру мақсатымен агроөнеркәсіптік кешен субъектілеріне кредит берген кезде субсидиялаудың пайыздық ставкасын ұлғайту;

Қазақстанды азық-түліктің әлемдік мамандандырылған рыноктарына отандық өнімдерді маңызды жеткізуші ретінде жайғастыруға тікелей қолдау шарасын бағыттау ;

ұлттық стандарттар мен әзірленген техникалық регламенттерді ИСО және ХАСПП талаптарына сәйкес сапаның халықаралық стандарттарымен АӨК өніміне үйлестіру, кәсіпорындардың сапа менеджменті мен стандарттардың халықаралық жүйесіне көшуіне жәрдемдесу;

тамақ өнеркәсібі кәсіпорындарының ИСО және ХАСПП базасында сапа менеджменті жүйесін әзірлеуге, енгізуге және сертификаттауға шығарған шығындарын субсидиялау (26-кесте);

кәсіпорындарда қазіргі заманғы сапа менеджменті жүйесін енгізу бойынша әдістемелікті және басшылықты әзірлеу және іске асыру;

халықаралық нормаларға сәйкес және ХЛП және ХАССП принциптерін ескере отырып өнімдерді және мал шаруашылығы шикізатын қайта өңдеу қауіпсіздігін бақылаудың технологиялық тізбегін енгізу;

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі жанынан техникалық реттеу саласында сараптама кеңесін құру және ауыл шаруашылығы өніміне техникалық регламенттерді әзірлеу;

ТМД мемлекетаралық стандарттарын және халықаралық аналогтармен сынау әдістерін үйлестіру ;

техникалық регламенттерді әзірлеуге және отандық стандарттарды халықаралық стандарттарға сәйкес келтіруге үйлестіруге мемлекеттік бюджеттен қаржыландыруды ұлғайту ;

артықшылықты насихаттау және кәсіпорындардың ИСО сапасының халықаралық стандарттарына көшуін ынталандыру, заңнама актілеріне сәйкестікке келтіру ;

ауыл шаруашылығы өнімі мен тамақ өнеркәсібін қайта өңдейтін

кәсіпорындар үшін ҚҚС бойынша салық жүктемесін төмендету бөлігінде салық заңнамасын жетілдіру және кедендік-тарифтік реттеу жүйелері - тауарлардың аграрлық азық-түлік тобы бойынша тарифтік қорғау деңгейін көтеру;

ауыл шаруашылығы шикізаты мен оның терең қайта өңдеу өнімдері кәсіпорындар-экспортшылардың салалық бірлестіктерін (қауымдастықтарын) қ ұ р у ғ а ж ә р д е м д е с у ;

"Тамақ өнімінің қауіпсіздігі туралы" Заңды әзірлеу және оның негізінде азық-түліктің жеке түрлеріне техникалық регламенттерді қабылдау.

26-кесте. Агроөнеркәсіптік кешен өнімін қайта өңдеу кәсіпорындарда сапа менеджменті жүйесін енгізу

Жыл-дар	Өсімдік шаруашылығының өнімі					М а л шаруашылығының өнімі		
	ұн	макарон өнімдері	жеміс көкөніс өнімі	қант	өсімдік майы	сүт өнімдері	е т өнімдері	тері, жүн
СМЖ енгізген кәсіпорындардың саны								
2004	-	-	-	-	-	4	3	-
2005	3	1	1	-	1	5	2	1
барлығы	3	1	1	-	1	9	5	1
СЖМ ұсынылатын енгізу								
2006	12	1	2	2	3	11	5	1
2007	15	1	2	3	4	14	5	1
2008	50	10	5	3	5	10	10	3

кестенің жалғасы

Б а л ы қ өнімі	Б а с қ а салалар	Барлығы
СМЖ енгізген кәсіпорындардың саны		
2	-	9
1	16	31
3	16	40
СЖМ ұсынылатын енгізу		
1	9	47

1	11	57
4	14	114

Күтілетін нәтижелер:

отандық өнімдердің сыртқы рыноктарда бәсекеге қабілеттілігін және экспортты әлеуетін көтеру;
жосықсыз бәсекелестікті төмендету, демпингтің алдын алу;
көлеңкелі экономикадан ауыл шаруашылығы өнімін қайта өңдеудің елеулі үлесін шығару;
кәсіпорындардың айналым қаражатын босату және оларды өндірісті жетілдіруге бағыттау;
ауыл шаруашылығы қайта өңдеу өнімдерінің жаңа түрлерін әзірлеу және жылжыту;
бюджетке салықтардың түсуін ұлғайту;
агроөнеркәсіптік кешеннің ДСҰ аясында жұмыстың жаңа экономикалық жағдайларына қиналмай өту;
өнімдерді өткізу рыноктарына кедергісіз шығу, қазақстандық тұрақты тауар брэндтерін қалыптастыру;
2008 жылы отандық өнімдердің экспортының көлемі 150 млрд. теңгеден асады.

Параграф 5.2. Отандық АӨК бәсекеге қабілеттігін арттыру жөніндегі іс-шараларды қаржылық қамтамасыз ету

27-кесте. Қаржылық қамтамасыз ету*

	Іс-шаралар	2006 жыл	2007 жыл	2008 жыл
1.	Қайта өңдеу кәсіпорындарына кредиттің пайыздық ставкасын арзандату жолымен айналым қаражатын толықтыру үшін кредиттік ресурстарға қол жетімдігін қамтамасыз ету	1300,0	2000,0	2500,0
2.	Ауыл шаруашылығы өнімін қайта өңдейтін кәсіпорындардың халықаралық стандарттардың талаптарына сәйкес өндірісті сертификаттауға жіберілетін шығыстарын жартылай субсидиялау	40,0	80,0	200,0
3.	Ауыл шаруашылығы өнімін қайта өңдейтін кәсіпорындар үшін технологиялық жабдықтарының лизингі	1500,0	1000,0	1000,0
4.	Ауыл шаруашылығы өнімін қайта өңдейтін технологиялық жабдықтардың қаржылық лизингі бойынша сыйақы (мүдде) ставкасын өтеу	12,5	1535,0	1526,6
5.	АӨК салаларын дамытуды нормативтік-әдістемелік қамтамасыз ету	147,5	147,5	147,5
	Барлығы	3000,0	3762,5	4374,1

* Іс-шараларды республикалық бюджеттен қаржыландыру бойынша ұсынылған қаражаттардың көлемдері және тиісті жылға республикалық бюджетті қалыптастырған кезде нақтылауға және түзетуге жатады

6. Бірінші кезектегі шаралар бағдарламасын іске асырудан күтілетін нәтижелер

2008 жылы агроөнеркәсіптік кешенді техникалық және технологиялық жарақтандыру біршама өседі.

АӨК өнімінің қауіпсіздігі мен сапасын бағалау жүйесі ДСҰ талаптарына сәйкес үйлестірілетін болады.

Астықты қайта өңдейтін, сүт, жеміс-көкөніс, мақта және балық кластерлер қалыптасатын болады.

Ауыл шаруашылығы өнімі - өндірісіндегі ірі және орташа шаруашылықтардың үлесі 40 % дейін артады.

Егістік құрамындағы жоғары рентабельді егістер 70 % дейін артады.

Институционалды инфрақұрылым аграрлық рыноктың қажеттілігіне бейімделетін болады.

Отандық қайта өңдейтін өнеркәсіптерді дамыту үшін тұрақты шикізат негізі құрылатын болады және қайта өңдейтін кәсіпорындардың жүктеме дәрежесі көтерілетін болады.

Ішкі азық-түлік рыногын реттеу негізі қаланатын болады, қазақстандық экологиялық және биологиялық таза өнімнің экспортты бағдарланған брэнді құрылған.

АӨК өнімінің жалпы көлемі 1 га егістік 300 АҚШ долларына дейін артады.

Тиісті мемлекеттік қолдау кезінде бірінші кезектегі іс-шараларды іске асыру нәтижесінде 2008 жылы АӨК отандық субъектілерінің бәсеке әлеуеті біршама өседі, бұл ДСҰ енуге өте маңызды.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2006 жылғы»6 наурыздағы
N 149 қаулысымен

бекітілген

Ескерту. 7-бөлімге өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2007.10.05 N 908 , 2008.04.04 N 318 , 2008.06.17 N 589 , 2008.08.27 N 776 Қаулыларымен.

7. Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіп кешенін тұрақты дамытудың 2006-2010 жылдарға арналған тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі 2006 - 2008 жылдарға арналған

**Бірінші кезектегі шаралар бағдарламасын іске асыру
жөніндегі іс-шаралар жоспары**

Р / с N	Іс-шаралар	Аяқ- талу ны- саны	Орын- дауға жауап- тылар	Орын- далу мер- зімі	Көзделген шығыстар (млн. теңге)			Қар- жы- лан- дыру көз- дері
					2006 ж.	2007 ж.*	2008 ж. *	
1	2	3	4	5	6	7	8	9
<p>1. Өсімдік шаруашылығы өнімдерін өндіру және қайта өңдеу</p> <p>Ғылыми-негізделген агротехнологияның сақталынуы негізінде егіншілікте өңірлік мамандандыру</p>								
1.1	<p>Ауыл шаруашылығы өнімдерінің нақты түрлерін өндіру үшін ауыл шаруашылық жерлерін оңтайлы пайдалану бойынша ұсынылған өңірлік мамандандыру схемасын әзірлеу және бекіту</p>	АШМ-нің бұйрығы	АШМ	2006 жылдың I тоқсаны				Қаржылық шығындық ажазетпейді
	<p>Мыналар: 1) шаруашылық жүргізуші субъектілердің иелігіндегі және мемлекеттік жер запасындағы тастанды және тынайған жерлердің баржоғын түгендеу, жерлер-</p>	АШМ-ге ақпарат	ЖРА, облыс әкімдері	2008 жылғы I I тоқсан	-	-	-	Қаржылық шығындарды талап

	дің деректерін картаға түсіру;							етпейді
1.1-1	2) тастанды және тыңайған жерлердің жағдайын ауыл шаруашылығы дақылдарын өсіруге олардың жарамдылығы мәніне айқындау;	АШМ-ге ақпарат	ЖРА, "ҚАИ" АҚ (келісім бойынша), "АҚРҒӨО" ММ, облыс әкімдері	2008 жылғы ІІ тоқсан	-	-	-	Қаржылық шығындарды талап етпейді
	3) ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерді тастанды және тыңайған жерлерді айналымға енгізуге, сортаң жерлерді мелиорациялау үшін мелиорациялау құралдарын, құнарлылықты арттыру үшін тыңайтқыштарды (органикалықты қоспағанда) және тастанды және тыңайған жерлерді өңдеу үшін өсімдіктерді қорғау құралдарын сатып алуға ынталандыру жөнінде ұсыныстар енгізу	ҚРҮ-не ұсыныстар	АШМ (жинақтау), ЭБЖМ, ҚМ	2008 жылғы ІІ тоқсан	-	-	-	Қаржылық шығындарды талап етпейді
	Ауыл шаруашылығы айналымына енгізу жоспарла-							

1.1-2	<p>нып отырған тастанды және тыңайған жерлерді пайдаланудың ықтимал бағыттары, сондай-ақ технологияның компоненттерін өндірістік жағдайларда көрсету жөнінде ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер арасында түсіндіру жұмыстарын жүргізу, шетелдік тәжірибемен танысу</p>	АШМ-ге акпарат	"ҚАМ" АҚ (келісім бойынша), "ҚАИ" АҚ (келісім бойынша), облыс әкімдері	2008 жыл	-	-	-	Қаржылық шығындарды талап етпейді
1.2	"Тұқым шаруашылығы туралы" Заңға өзгеріс енгізу	Заң жобасы	АШМ	2006 жылдың І V тоқсаны	-	-	-	Қаржылық шығынды қажетпейді
	<p>Республикада рапстың будан тұқымдарын өндіруді ұйымдастыру үшін рапстың будандарының ата-аналық нысандарын</p>	<p>ата-аналық нысандарын өндіруге өтінім</p> <p>будандардың ата-аналық нысандарын</p>	АШМ, облыс	<p>2006 жылдың І I тоқсаны</p> <p>2007 жылдың І тоқсаны</p>	-	-	-	<p>БК</p> <p>БК</p>

1.3	әкелуді ұйымдастыру	дарын әкелу	әкімдері				-	
1.4	Оригинаторлар, элиталық тұқым шаруашылығы шаруашылықтарын аттестациялауды жүргізу (будандастыру учаскелері және элита өндіру)	Аттестациялау туралы куәлік	АШМ, облыстардың әкімдер	2006 жылдың I V тоқсаны	-	-	-	Қаржылық шығындықажетпейді
1.5	Ауыл шаруашылығы техникаларын бірлесе пайдалану жөнінде кооперативтер құру	ҚРҰ-не ақпарат	ОҚО әкімі, АШМ, ҚДБ АҚ (келісім бойынша)	2006-2008 жылдардың I V тоқсаны	-	-	-	Қаржылық шығындықажетпейді
1.6	Мақтаны жыл сайын тіркелген бағамен сатып алуды жүзеге асыру	ҚРҰ-не ақпарат	АШМ, ОҚО әкімі, АКК ҰК (келісім бойынша)	Қаңтар, алдыңғы жылдың қорытындылары бойынша	1000,0	-	-	БК
1.7	Мақта тұқымының	ҚРҰ-не ұсыныс	АШМ, АКК ҰК (келісім бойы-	2006-2008 жылдардың	-	-	-	Қаржылық шығындықажетпейді

	мемлекеттік ресурсын құру		нша), ОҚО әкімі	I V тоқ- саны				ж е т е т - п е й - д і
1.8	Ауыл шаруа- шылығы өндірісін агрехимиялық ж ә н е агроклиматтық қамтамасыз ету	ҚРҮ-не есеп	АШМ	Қаң- тар, ал - дыңғы жыл- дың қоры- тынды- лары бой- ынша	330,9	-	-	РБ
1.9	Ауыл шаруа- шылығы дақылдарын сорттық сынау	ҚРҮ-не есеп	АШМ	Қаң- тар, ал - дыңғы жыл- дың қоры- тынды- лары бой- ынша	109,8	-	-	РБ
1.10	Мақта-тал- шығын са- раптаудың міндеттілігін енгізу және сараптама құнын өтеу	Қ Р Заңы- ның жобасы	АШМ, ЭБЖМ, Мақта шаруа- шылығы ҒЗИ ЖШС, ОҚО әкімі	2006 жыл- дың I тоқ- саны	254,0	-	-	РБ
1.11	Мақтаның ауыспалы егісі ұғымын оны сақтамау жерді ұтымсыз пайдаланумен тең екенін ескере отырып, заңда бекіту үшін норма- тивтік құқықтық базаға қажетті өзгерістер енгізу	Қ Р Заңы- ның жобасы	АШМ, ЖРБА, ОҚО әкімі	2006 жыл- дың I тоқ- саны	-	-	-	Қар- жы - лық шы - ғын - ды қ а - ж е т е т - п е й д і
	Ұсақ ауыл шаруашылығы							

